



www.jasqazaq.kz

vk.com.jasqazaq

Jasqazaq

Жас қазак



JAS QAZAQ

ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, АҚПАРАТТЫҚ-ТАНЫМДЫҚ, АҚПАРАТТЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет
2005 жылдың
7 қаңтарынан
шыға бастады

№9

(789)

6 наурыз

2020 жыл

КЕЙІПКЕРМЕН ӘҢГІМЕ

ЕҢБЕКПЕН ТАПҚАН НАН ТӘТТІ

Азан-қазан қайнап жатқан алып шаһарда тыным таппай аула сыпырып, көше тазалап жүргендерді күнде көреміз. Күнде көре бергеннен бе, бұларды жұрт елемейді де. Әсіресе, қыстың қақаған аязында, жаздың аптап ыстығында қолына сыпыртқы мен күрек алып, тынымсыз еңбектеніп жүргендердің арасынан нәзік жаңдыларды жиі кездестіреміз. Бүгінгі кейіпкеріміз – табиғаты нәзік болғанымен, ер-азаматтарға тән ауыр жұмыс істеп жүрген жан. Гүлбүбі Омарбаева 10 жылдан астам уақыттан бері аула сыпырушы болып, адал еңбегінің жемісін жеп отырған аяулы ана.

Кейіпкерімізді келе жатқан 8 наурыз Халықаралық әйелдер мерекесімен құттықтап, редакциядан алып шыққан кішігірім сыйлығымызды ұсынып әңгімеге тарттық. Тосыннан жасаған сыйлығымызға саскалақтап қалды. «Бізді елеп-ескеріп, көше сыпырғыштар туралы жазғыларың келгені мені қатты қуантты. Әдетте қарапайым аула сыпырушыны біреу елесе, біреу елемейді ғой. Сіздерге көп рахмет!» – деп, бір жағы ыңғайсызданып, бір жағы қуанып жатыр.

«Негізгі мамандығым тігінші еді – деп сөзін жалғады. – «Алматы тазалық» мекемесіне дейін тігін фабрикасында жұмыс істедім. Кейін ол фабрика жұмысын тоқтатқан соң, бала-шағаның қамы үшін аула сыпырушы болып жұмысқа тұрдым. Уақытта тоқтау бола ма, биыл 10 жылдан асты. Жолдасым бірнеше жыл бұрын қайтыс болған. Екі қызымды өсіру үшін, күн демей, түн демей еңбектендім. Қыздарым тұрмыс құрды. Екі жиен-немерем бар. Олар да қарайласып тұрады. Өтеген батыр кентінде пәтер жалдап тұрамын. Өмірге ешқашан өкпелеген емеспін. Жұмысымнан да намыстанған жоқпын. Әр істің өз қиындығы болады ғой. Жол бойын тазалайтындықтан, жүйтікпен көлікпен ғана қорқамын» – деп, шаруасының жайынан сыр шертті.

Бір кезде ол қолындағы сыпыртқысына сүйеніп, қалың ойға шомып кеткендей көрінді. Көзіндегі кіреуге мұннан бір сұрақ оқығандай болды. Ойын бұзып: «Көше тазалаушы болғаныңызға көңіліңіз толмайтын кезіңіз бола ма?» – деп сұрады. Ол «Жұмыстың оңайы болмайды ғой. Әр істің өз қиындығы бар. Тек кейде көңілді түсіретін келенсіз жағдайлар болып тұрады. Әсіресе, қаладағы кейбір



жастардың әрекеті жанына қаяу салады. Жан таласып ауланы сыпырып немесе қоқысты тазалап жатсаң, дәл сол сәтте көшені лаптап, қоқыс тастап кетеді. Бірдеме десең «Сенің жұмысың емес пе? Тазала!» деп, анасындай адамға бұйрық беріп, зіркілдейтінін қайтесің?! Әрине, бұл біздің жұмысымыз. Бірақ бұлай еңбегінді көріп тұрып, елемей, басынып, әдейі істейтіндерді көргенде қалай қынжылмайсың? Қазіргі адамдарды түсінбеймін. Мәдениеттен жұрдай. Барлығы емес, бірақ арасында әдептен озатын, кісінің жанын кірлететін тәрбиесіздер бар» – деп, мұң шакқандай болды.

(Жалғасы 7-бетте)

АШЫҚ ӘҢГІМЕ

Көп жағдайда қоғамдық-әлеуметтік немесе ұлттық мәселелерді Алматы мен астанадағы зиялы қауым ғана емес, шалғай облыс-аймақтарда жатқан азаматтар көтеріп, жұрт талқысына салып жатады. Бүгінгі кейіпкеріміз кезінде Ақтөбеден атақты газет шығарып, жұрт оны жаппай оқыған, өткір тақырыптарымен оқырман есінде қалған білікті Бас редактор. Ақындығы мен азаматтығы бір бөлек Мейірхан ағамен болған әңгіме-сұхбатымыз көп тақырыптың бетін ашып тастағандай болды.

Мейірхан АҚДӘУЛЕТҰЛЫ:

ЕҢ ЗИЯНЫ – «ҚАЗАҚБАЙСКИЙ» ФАКТОР...



Jas qazaq: Мейірхан мырза, өнер мен мәдениеттің ортасы Алматыдан да, биліктің ордасы астанадан да алыста тұрасыз. Неге? Мүйізі қарағайдай ақын-жазушылардың көбі Алматыдан кеткісі келмейді. Әлде қара ормандай қалың ақын-жазушылардың ішіндегі талас-тартыстан, пендешіліктен алыс жүргініз келе ме?

М.Ақдәулетұлы: Алматыда да, астанадан да мен қиналып іздейтіндей ештеңе жоқ. Әдеби орта дейтінің де, өп-өтірік «Бөке, Жәкелегені» болмаса, жеке адамға бере қояры бар деп айта алмаймын: әркім, қайда жүрсе де, өз «менін» өзі сомдап шығады, қалғаны – қалың тобырдың қайыры аз сентименті, қазақы емес, қазақбайский сентимент. Ал Ақтөбеде өзімнің туған жерім, өскен ортам, менің кісі болып қалыптасуыма тікелей әсер еткен жерлерім – «менің балалық шағымның қаһармандары» – ауылдастарым бар. Мен талас-тартыстан, әдебиетшілер арасында (әсіресе, қазақтарда!) бола беретін дау-дамайдан қашқан жоқпын. Себебі сол балалардың төбелесіне ұқсайтын, мұрат-мақсаты да, дау-дамайы да өте ұсақ, кісі ұялардай өте бөкене, бейшаралау «қазақша спортқа» қатысып көрмеппін. Соған о бастан-ақ ықыласым болмады: ол — басын сыйлайтын, халыққа бірден бере, айта алатынның іс емес, туа кемдарын, туа жартыкеш сорлылықтың көрінісі. Сол туралы «Ергежейлілер» атты поэма жазғым келіп жүр. Қуанатыным — Алматыда қазақтың ғажайып адамдарымен таныстым, әңгімелестім, сырластым. Бұл аз олжа емес. Мен іштей кісікійтеу адаммын, жас қырықтан асқан соң жалғыздыққа үйрендім, жылап өлең жазбағаным содан. Жалпы, жыламау, жыламсырамау керек: адамның жетісіп жүргені (өзін көре-көзге алдап, соған сеніп жүргендер болмаса) жоқ. Әркімнің өлгенше мойнынан алынбайтын қамыты бар, соны аркалап жүрген кісіге қандай өкпе, «базына» айтасын? Ендеше, аса мұнаюға да, аса қуануға да себеп жоқ. Демек, өмірді сүю һәм адамдарды аяу керек. Махаббат дейтінінен он есе жоғары — осы. Біздің бала мінез әдебиет әлі осыны толық ұға қойған жоқ...

Осындай... «тұрғырлардан алғанда», ештеңеден қашудан аманмын: ал өзімнен қашу қолымнан келмейді. Ақтөбеге жұмыс істеуге, бала-шаға асырауға келдім.

Jas qazaq: 2000 жылдардың басында Ақтөбеден «Алтын Орда» деген газет шығарып, аймақтық басылымдардың арасында ғана емес, республикалық газет-журналдардың ішінде ерекше қолтаңба қалдырдыңыз. Осы күні сол «Алтын Орда» сияқты оқылымды, ашық, еркін басылым неге жоқ?

М.Ақдәулетұлы: «Алтын Орда» үлкен құбылыс болғанын (сол кез үшін) бұрын жұрт өзіме жиі айтушы еді, беріде өзім де соны түсіндім. Есіме түссе, Әбдірахманын жоғалтқан Абайдай болатыным бар. «Алтын Орда» мен баста ойлаған дәрежеге жете алмай тоқтаған басылым.

(Жалғасы 3-бетте)

ШАРУА

АПАНЫҢ ӘҢГІМЕСІ

Шымкент қаласынан 5 шақырымдай жердегі Қасымбек Датқа ауылының тұсынан өтіп бара жатып, бір түйеші апаны көзіміз шалып қалды. Жиырмаға жуық ойсылқара тұқымын алдына салып бағып жүр. ХХІ ғасырда түйе айдап жүрген адам қалай көз тартпасын? Оның үстіне, мамандығымыз журналист болған соң ат басын бұрдық. Түйеші апаны әңгімеге тартқымыз келді. Жақындап барсақ, ашаң жүзді, кең маңдайлы, алпысты алқымдаған жылы шырайлы жан екен. Сұрастырдық. Сұхбаттасуға бірден келісе кетті. Әңгімеміз ары қарай Несібөді Мұханқожаеваның шаруа қожалығында жалғасты.

сауып, ыдыс-аяғын жайғастырып, таңғы шәйін аптыға ішіп, малын жайылымға шығарған беті екен. Қожалықта 25-ке тарта қонды түйеден бөлек, құйрық-жалы төгілген 20-ға жуық жылқы да көзімізге оттай басылды.

— Апа-ау, жасыңыз қаншада? — дейміз ғой үлкен кісінің өндірімді тірлігіне тамсанып.

(Жалғасы 4-бетте)



Апамыздың шаруа баққан жібі ширақ адам екені бірден аңғарылды. Алдымен қос өркеші балалай аруаналарды қораға қотандады. Қора-жайына кіргеннен кейін түйелеріне жем салып, суын беріп, олардың әрқайсымен күбірлеп сөйлесіп, тайлақтары мен боталарын қолынан азықтандырып жүр. Өзі біз барғаннан жарты сағат бұрын аруаналары мен биелерін

ҚАЗАҚ ҚЫЗЫ

Сегізі ертең наурыздың!

*Қызылды көрсе,
талағы кенет бүлкілдеп,
Қызда қыран қанатын
қолдан сілкімдеп.
Мүреkte төрбең сезімнің
Нәзік тамырын,
Бұралып басып қызғалдақ
Ару үлкілдеп,
Барады, әне! Көшеде өлең төріп мен
Көз ала алмай келемін әсем көріктен.*

(Жалғасы 8-бетте)



Фото: Галия КАЛИЕВА



БИРЖАМЕТР

МҮНАЙ (brent)
51,57

DOLLAR
379,45

EURO
423,28

РУБЛЬ
5,77



7 KÚN

168 SAĖAT

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz

БИЛІК

«Nur Otan» партиясы ішкі іріктеу, яғни праймериз өткізеді. Соның нәтижесінде ұйымның Мәжіліс және барлық деңгейдегі мәслихаттардың сайлауалды тізіміне ең белсенді әрі сенімді мүшелерін анықтау көзделіп отыр. elbasu.kz сайты хабарлағандай, кеше партияның Саяси кеңесі бюросының отырысында осындай шешім қабылданды.

Осыған орай, Нұрсұлтан Назарбаев «Партия басшылығы, Мәжіліс пен мәслихат депутаттары жергілікті жерлерді аралауға тиіс. Соның ішінде, шалғай аудандарға баруы керек. Адамдармен кездесіп, түйткілді мәселелерді жан-жақты зерделеу, оларды шешу маңызды. Бұл мәселелердің барлығы өңірлік партия бағдарламаларында көрініс табуы қажет, — деді.

«Бұл партия атынан мәселелерді шешетін ең белсенді және сенімді мүшелерді анықтауға мүмкіндік беретін дұрыс шешім деп санаймын».

Отырыс қорытындысы бойынша Бюроның қаулысы қабылданды. Оған сәйкес іріктеуді жүргізу ережесінің жобасы алдын ала мақұлданды. Ол 18 наурызда Саяси кеңестің отырысында бекітіледі.

Праймериз нәтижесінде «Nur Otan» партиясынан Мәжілістің және



ПРАЙМЕРИЗ ӨТЕДІ

Елбасы жиында партия жұмысын жандандыру бағдарламасы мен «Бақытты отбасы», «Ардагерлерді ардақтайық», «Келерсіз келешек» атты әлеуметтік жобалардың жүзеге асырылуы барысына оң баға берді.

Бюро мәжілісінде ұйымның өңірлердегі жұмысы да сөз болды.

Бюро отырысында осы жылдың 30 наурызы мен 16 мамыры аралығында елдің барлық өңірлерінде жаңа форматта партияның ішкі іріктеуін — праймериз өткізу туралы шешім қабылданды. Еліміздегі партия жүйесі үшін тың тәсіл болып табылатын осы бастаманың мән-маңызына тоқталған Елбасы былай деді.

барлық деңгейдегі мәслихаттардың сайлауалды партиялық тізімдеріне кандидаттар анықталады деп жоспарланып отыр.

Сондай-ақ, партияның 2025 жылға дейінгі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бағдарламасын жүзеге асырудың Жол картасы бекітілді.

Аптаның алаңы

Ерлан ТҰРҒЫМБАЕВ, ішкі істер министрі:

«Полиция үшін ең бастысы — қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіп. Заңға құлақ асатын азаматтарға алаңдайтын ештеңе жоқ. Бірақ митингіге құдды жұмысқа барғандай жөнелетін кейбір азаматтардың өрекеті алаңдатады. Олар арандатушылардың ықпалында. Сондықтан бейбітшілік пен тұрақтылық — біздегі ең басты байлығымыз, оны барынша бағалау керектігін түсінбейді. Сондықтан полиция алдағы уақытта да ел қауіпсіздігі үшін қызмет өте береді. Халықтың тыныш әрі бейбіт тіршілігін қорғау — біздің басты міндетіміз».



Сөз-Жебе

Дариға НАЗАРБАЕВА, Сенат төрайымы:

«Жеңіл өнеркәсіптері стартаптардың негізгі үлесі әйелдерге тиесілі. Бүгінде еліміздегі шағын және орта бизнес активтерінің 44 пайызын әйелдер басқарады. Олар шағын және орта бизнес секторындағы барлық жұмыс орындарының 31 пайызын қамтамасыз етуде. Олардың белсенділігінің арқасында сала жандана бастады. Жеңіл өнеркәсіп экономиканы түрлендіруге, өсіресе пайдалы қазба қоры азайып, мұнай бағасы төмендегенде, дағдарысқа қарсы тұру мүмкіндігінің бірі болып саналады».



Аптаның айтары

Жібек ӘЖІБАЕВА, Қазақстан сауда кәсіпорындары қауымдастығының вице-президенті:



«Біз бірқатар амал ұсынып отырмыз. Халық жеміс-жидек пен көкөністі де көп тұтынады. Өзіміз ішкі нарықты қамти алмай отырмыз. Қытайдан әкелінетін өнімді өзбек және қырғыз өнімдерімен алмастырамыз. Бірақ қырғыз ағайындар қытай өнімдерін өткізіп жатпағанына көз жеткізу керек. Сондай-ақ электронды саудаға көшу қажет. Қазір сауда кемелері қалыпты жұмыс істеп тұр. Бірақ тауар азайса, халыққа қызмет көрсететін орындардың көбі жабылуға мәжбүр болады. Тауар ағынының азаюы кіріске де кері әсер етеді. Сондықтан, кәсіпкерлерге қолдау көрсету керек».



Жарас КЕМЕЛЖАН

Тақырыпқа орай



ЕЛЖАН БІРТАНОВ, денсаулық сақтау министрі:

«Олардың да (алыпсатарлардың — ред.) мәселесі белгілі. Кеше де, бүгін де құқық қорғау

орғандарына арнайы тапсырма берілді. Мысалы, кеден мекемелері де тиісті нұсқауды алды. Бұған қоса, шекара қызметкерлері көп жәрдем беріп жатыр. Жасырын тасымал (контрабанда) дерегі анықталып жатса, оған тосқауыл қойылып, тиісті ақпаратты бізге жолдайды. Жалпы біздің негізгі мақсатымыз — экспортқа жібермей, бүкіл бетпердені (маска) дәрханаларға тарату».

ЖЕМҚОРЛЫҚ РЕЙТИНГІ (студенттің өлшемі)

Инфографика



Дереккөзі: astanatv.kz

Елжан БІРТАНОВ,

денсаулық сақтау министрі:

«Екпені міндетті түрде енгізудегі себеп — басқа азаматтарды жұқпалы аурулардан қорғау. Себебі қазір ата-аналардың екпеден бас тартуының салдарынан елімізде ұмытылған инфекциялық кеселдер қайта бас көтеруде. Бірақ одан тек қана сол балалар емес, кеселге шалдыққан сәбилер де зардап шегуде. Сондықтан, көп мемлекетте кейбір вакцина міндетті түрде салынады. Себебі басқа азаматтардың денсаулығын қорғау үкіметтің міндеті».

Бекболат ТІЛЕУХАН, Мәжіліс депутаты:

«Жалпы, заң жобасына көп күш салынды. Біраз шаруалар жасалды, қоғамға қажетті біраз нәрселер қарайластырылды. Заң жобасына қолдау білдіремін. Бірақ кодекстегі 89-баптың көлемінде қоғам дүрлігіп жатқанын жасырмаймыз. Мен сайлаушыларымыздың аманатын жеткізе отырып, осы 89-бапқа қарсы шығатынымды жеткізім келеді. Жұмсақ күш, иландыра түсіндіру әдісімен көндірудің орнына бас көз жоқ «міндетті» деп, заңға қондырып, тізеге салудың қандай реті бар?».



Марат АХМЕТЖАНОВ, Бас прокурордың орынбасары:

«Біздің Конституциямыз екі баптан тұрады. Жалпы бап пен арнайы бап. Біздің негізгі заңымызда басты құндылықтарымыз — адам, адамның өмірі, адамның денсаулығы деп көрсетілген. Ал Конституцияның жалпы бөлімі арнайы бөлімнен бір саты жоғары тұрады. Конституция егер адамның өміріне, денсаулығына қауіп төнсе, заңмен шектеу жасауға толық мүмкіндік беріп отыр. Сондықтан, Конституцияға қайшы емес».

Иманғали ғана соны ұғып, Астанаға шақырып, үш қызметтік пәтер, өзіме басыбайлы үй бермек болған. «Маған қызмет етуіңіз шарт емес, Мәке, осыдан нағыз жалпұлттық басылым жасанғыз, қолыңыздан келеді» деп еді, біздің ұтуға келгенде сорлылау құрылтайшылар жібермей қойды ғой...

Ол газет емес, күллі қазаққа керек тірі идея, күн санап өсетін Ер Төстіктей ірі, ғұмырлы жоба еді. Оның басты артықшылығы — сол тұста көрместің бәрін көрсе де, Қазақстанның, қазақтың болашағына деген бүкілұлттық сенім бар еді, халық соған риясыз сенетін еді, ал бізде — менің сол бір асыл ұжымымда! — «біз осы ел мен осы халыққа жәрдемдесе аламыз, біз Қазақстанды түзетуге қызмет етіп жатырмыз» деген алғаусыз сенім бар еді.

Ондай адал, қазақтың барлық проблемаларын өз қасіретіндей сезінетін басылым енді болмайды. Себебі қоғамда ғана емес, адамда шындық жоқ. Қазақ сонғы жиырма жылда «кедей — байға, бай — Құдайға жетем дейді» дегеннің кебін толық киіп, киім етіп алды, шешіп тастай қоюы екіталай. Қазекеннің қазіргі арман-мұраты — алу, баю, «рахат көру», үй-мүлік, машина, баласын ақымақ болса да, бастық қылу, т.б... сосын, әй, кеп!.. мақтану, мал шашу, арзымайтын бөскеге түсу, сотталса да, атасына бірдененің атын әперіп, сасық бай әкесіне Лениннің мавзолейін салу... болып кетті.

Қазақ коррупциясыз күн көре алмайтын халық екенін кезінде айтқанмын, ол және рас: мен облыстың, қаланың,

Мейірхан АҚДӘУЛЕТҰЛЫ:

ЕҢ ЗИЯНЫ – «ҚАЗАҚБАЙСКИЙ» ФАКТОР...

т.б. әкімі боп отырсам, менің он бес алаяқ інім, отыз кемдарын қарындасым, қырық «құдай қосқан» құлам қалай сорлы болады, бәріне тәуір қызмет, соқталы бизнес әперіп, облыстың бюджетінен бөлінетін миллиардтаған қаржыны соларға игертер едім. Себебі онсыз менде қадір қалмайды: «бір басына ит те күн көреді» деп, ағайын-туыс, құда-жегжат көрмей кетеді, ал көрші облыстағы әкім ғана емес, атқа мініп жүргеннің бәрі (*премьер, сот, прокурор, министр, т.т. дейін*) «Мынауың кісі емес екен ғой, дорақ» демей ме мен пақыр жайлы?!

«Тез арада капиталист болудың» (*ал бұл — мемлекеттің мұрат етіп отырғаны!*) қазақбайский варианты осы болған соң амалың қайсы — бәрі барлығын біле тұрып үндемейді.

АУЫЛДАҒЫ ӘЙЕЛ ҚОРАДАҒЫ 20 СИЫРДЫ САУМАЙДЫ — ҚАЛАДАН ДҮКЕННІҢ МАЙЫ МЕН СҮТІН АЛДЫРАДЫ, СОҚТАЛДАЙ ЖІГІТ ҚОЙЫНЫҢ КЕЗЕГІН НЕ МАШИНАМЕН БАҒАДЫ, НЕ БОЛМАСА, КӨРШІСІН 3 МЫҢ ТЕҢГЕГЕ ЖАЛДАЙ САЛАДЫ...

Осының бәрінен соң қазаққа қайдағы бір газет-журнал, сенің жылап жазатын мақалаң түгілі, әдебиеттің, жалпы кітап атаулының қажеті қанша?! Бір мысал: ауылдағы әйел қорадағы 20 сиырды саумайды — қаладан дүкеннің майы мен сүтін алдырады, соқталдай жігіт қойының кезегін не машинамен бағады, не болмаса, көршісін 3 мың теңгеге жалдай салады...

... Ал қазақы элитасымақ өз шаруасын түгендеп алған соң, қазір Сағынайдың асының дәрежесіне жеткен «жоғары дәрежелі ас пен тойларда» жиырма жетінші атасының найзагерлігін айтып, жасанды наурызда бата беріп жүреді, т.с.с.

Мұндай халыққа газет-журнал, кітап не керек!

Ақылды сөзбен айтсақ, қазақы қоғам, жалпы қазақ санасы мәдени деңгейге, тектілеу деңгейге көтерілу орнына елді қалай ел қыламын деп арпалысып өткен, өз қазағы зығырданын қайнатқан ұлы Құнанбайдың (*Абайды айтпағанда!*) заманына қайтып келді. Оған қазір ештеме керек болмай қалды... Өзгесін айтпағанда, мектептен бастап, барлық оқу орындарында істейтін оқытушылардың (*аз-кемі ғана болмаса*) кәсіби деңгейі құлдырап кетті, ессесіне докторлар, кандидаттар, т.т. еселеп өсті.

Ең қызығы — қазақ ұлтының қазіргі білімділік деңгейі, жалпы мәдени-рухани кәсіби дәрежесі қандай деген мәселені ешкім көтермейді. Мемлекет те, себебі барлық креслоларда әкім болған мен сияқты «амалсыздар» отыр: «әйел десен, әжеме де тиеді».

Дәл осы можантопайлық БАҚ-ты да (*қазақша, әрине!*) түгел жаулап алды. Оны айту — «сөзге шығын»...

Jas qazaq: Мұны сұрап отырғаным, оқылымды газет шығару журналистерге қатысты дүние ме, әлде басылымның бағытын айқындап, еркіндік беретін құзырлы мекемелерге тәуелді ме?

М.Ақдәулетұлы: Қазақ журналистикасының ескіні тез ұмытып, жананы мүлде тұрпайы түрде игергені, біліктің шектен тыс шамшылдығы (*жағымпаздықтан туған «жалғыз ұл»*) біріге келіп, қазақы БАҚ-ты құлдыратқаны рас. Үлкен газеттің орташа елдердің өңесіне еліктеп, беделінің арқасында ғана таралып отыр. Ал газет дегеніңіз алдымен бас редактордың «бөбегі». Соның кәсіби-интеллектуалдық деңгейі, аналитикалық ақыл-ойы, рухани, кәсіби сергектігі мен ұжымның соны ұғарлық һәм сенерлік күш-қуаты газеттің деңгейін айқындайды.



басын (*әркімге нашар еліктей отырып*) бір шалып, ешнәрсені кәсіби тұрғыда келістіре алмай отырғанына қарамастан, саясатты былай қойып

шынайы камкорлық жасауға міндетті. «Рухани жаңғырудың» көкесі сонда болады. Қазақтың, әсіресе, қазақша сөйлейтін жұрттың отарлық кезеңде көп нәрседен кейін қалғанын ескеріп, жағдайды түгел зерделеп, бөлек бір бағдарлама жасап, қазаққа қажетті арнайы камкорлық көрсетсе ғана мемлекеттік ұлттың рухани-мәдени, біліктік-интеллектуалдық деңгейі еспесіз өсері анық. Мәселен, «Адырнаны» асыра» деп бай инвесторларға міндеттеп қойса, оны бүкіл халық оқитын дәрежеге жеткізер едім...

Jas qazaq: Әлдебір телеарнаға берген сұхбатыңызда «Телеарналарды үлкен тұлғалар басқаруы керек. Мырқымбайлардың ойына не келеді, сондай хабар жасайды» депсіз. Қазіргі телеарнаға не жетіспейді?

М.Ақдәулетұлы: Білім мен білік, кәсіби деңгей жетіспейді. Ең бастысы — әр нәрсенің



отырып-ақ, үздіксіз жүргізіп, отыратын, ұлтты жанаға, жақсыға бағыттайтын, ұлтты ағарту (*просвещение*), толық тану һәм белгілі деңгейге ұмсындыратын ірі бағдарлама БАҚ басшыларының ойына да кірмейді. Тіпті қазақы тележурналист нағыз қазақ тілін толық білмейді. Қажетті деңгей жоқ. Білімсіздік пен біліксіздіктен келіп креолданған қазақ тіліндегі мүгедектеу телеарна пайда болды. Міне, телеарналарыңыздың деңгейі. «Қазаққа жұмыс істеп жатқандығы...».

Бір жаманы — бұл әзір түзелмейді. Себебі, ең басты зиянды нәрсе — «қазақбайский фактор».

Барлық саланы жайлап алып, ұлт түгілі, мемлекетті әлсіретіп отырған, біз «айтуға ұялатын» фактор осы — «бай-байға, сай-сайға құятыны» сияқты көрінген дұрыс істі адам көргісіз ететін «қазақбайшылық қарым-қатынастар». Телеарналардағы

ҚАЗАҚ ҚАЗІР ФЕЙСБУКТЕПІ АРЗАН ӨСЕК-АЯҢ МЕН ТАЙЫЗ ДҮНИЕЛЕР АРҚЫЛЫ ЕДӘУІР НӘРСЕНІ ИГЕРІП АЛДЫ. ӨЗ БАСЫМ ҚАЗАҚЫ АРНАЛАРДЫ МҮЛДЕ ҚАРАМАЙМЫН: ІШТЕЙ ТОЗАСЫҢ.

кәсіби, интеллектуалдық шолақтықтан келіп, оның мәні, мазмұны ақсайды. Мұны ешкім сынамайды: «қазаққа бөрібірі...».

Jas qazaq: «Алтын Орда» газетінде зиялы қауымның мінін теріп тұрып жазып едіңіз. Одан бері де он жыл уақыт өтіп барады. Бүгінгі зиялы жұрттың бойында қандай мін бар? Мағауиншылап айтқанда «Менің жауым — қазақтың жауы» дегендей, ұлт зиялыларында қазаққа жаулық қандай кемшілікті байқап жүрсіз?

М.Ақдәулетұлы: Бүгінде жұртты, ұлтты «жатқызып-өргізетін» зиялы қауым жоқ. Біз — ішінде өзім де бармын, тобырмыз. Бурын болған. Барлық дәуірлерде қазақты оңға бастайтын, ізгі жолға салатын, терең зердесімен оны дұрыс бағытқа жетектейтін, керек болса, оның жоғын түгендеп, ессін сұрайтын зиялылар болған. Оны орыс



АЛ СЕГІЗ ЖҮЗДЕН АСТАМ ЖАЗУШЫ, ТЫМ ҚҰРЫСА, ӘДЕБИЕТКЕ ТІЛЕУЛЕС МАҚАЛА ЖАЗУДАН ҚАЛДЫ. ДҰРЫСЫНДА, ОЛАР ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚЫ ПРОБЛЕМАЛАР, ҰЛТТЫҢ ӨМІРІ, КЕМ-КЕПІГІ, БЕТТЕГЕН БАҚЫТЫ, БАРАР ЖЕРІ ТУРАЛЫ ІРІ-ІРІ МӘСЕЛЕЛЕР КӨТЕРІП, ҰСЫНЫС АЙТЫП ЖАТУЫ КЕРЕК ҚОЙ. МЕНІҢШЕ, ОДАҚ МҮШЕЛЕРІ КӨП ТЕ, ЖАЗУШЫ ӨТЕ АЗ. СОЛ ҚИЫН БОП ТҰР.

отаршылары асқан шеберлікпен, біртіндеп жойды. Көңбегенін қудалады, шетқақпай қылды. Патша билік пен болыстыққа таластыра отырып, өз халқын аяуды білмейтін, паракор, есіл-дерті мал мен біреуді билеу (*құл деңгейіне түсіру*) болған тобырдың өкілдерін орнықтырды, білігі, намысы барды «банды» деп қудалады. Ал қызыл үкімет қазақтың ең тандаулы бөлігін — «байлар мен молдаларды» түгел жойды, қарсы болғандарды «халық жауы» атандырып, құртып жіберді. Ең сұмдығы — соны қазақтың өз тобырының қолымен жүзеге асырды. Орысқа ұнағанның бәрі билікке келді. Қазақты зорлап орыстандыруға еңбек сіңіргендер де сол тобырдан. Мысал: айтулы қырғын тұсында өзбектен 7 адам, ал қазақтан 25 мың адам атылыпты. Бір елде, бір заң аясында отырып, осылай. Here?

Зиялы күштің түгел құрығандығының нәтижесі.

Қазір жүргеннің 95 пайызы сол қараңғы, тексіз тобырдың өкілдері, олар Президентті де

алдайды. Сауат пен білік кем, ойланарға ойы кем шарасыздар.

Қазіргі зиялы еркін өскен ұрпақ арасынан шығып қалыптасады деп үміт етемін. Зиялы дегенде пәленбай атағы бар, жарнамасы бар, одан өзге түгі жоқтарды айтып отырғам жоқ. Ол уақыт та келер...

Jas qazaq: Бүгінгі қазақ мінезіне бойлап көрдіңіз бе? Мұны сұрап отырғаным, өткен аптада ғана әлдебір ломбардқа ақша салып, күйіп кеткендердің арасында үйін, көлігін сатып, ондаған миллион теңге ақшасын сапқан «тәуекелшілдер» бар екен? Бүгінгі жұрттың көзі ашық: бәрі оқыған-тоқыған, заңнан да хабары бар. Сонда да неге осындай жеңіл жолмен ақша табуға, тез байып кетуге құмар болып алды?

М.Ақдәулетұлы: «Жарлыдан байыған жаман» дейтін біздің шалдар. Күні кешеге дейін шағын бастықтың мәдениетті құлы болып келген қазаққа бай қайдан болсын. Бастығы да бай бола алмады — Мәскеуден қорықты. Партиядан қорықты. Қызығы — коммунизм құлаған соң да басшылықта (*үлкен-кішісінде*) сол мал бағып, астық еккен халыққа мейлінше қатал қараған (*зоотехник шопаннан малдың жағдайын ғана сұрап, зіркілдейтін, ал ауырып жатқан баласын машинасына мінігізіп, орталыққа ала кетуге қарсы болатын*), жоғары бастыққа жанын құрбан етуге бар «бұрынғы басекендер» қалды. Рахат: енді баяғыша халық үшін жауап бермейсің, ессесіне — қарпып қал! Осындай «өнегеден» өткен халық неге жеңіл жолмен баюға тырыспасын?!

Jas qazaq: Қазақ мінезі дегенде тағы бір нәрсе ойға орала береді. Әлгі ломбардқа алданғандар сияқты, қазір туған бауырлар бірін-бірі тақырға отырғызып кететін безбүйрек мінез деңдеп бара жатқандай. Осындай тасбауырлыққа қалай жеттік?

М.Ақдәулетұлы: Келген капитализм қазақтың күллі ізгілігінің, парасатының, бәрі болмағанымен, едәуір бөлігін талқан етті. Жаппай жүргізілген «американизация жизни» қазакылықты түбі жойып бітер деген қауіп бар. Қазақ өз тәрбиесінен, өзінің болмысынан жерісе — осылай болады...

...Жарар. Рахмет сізге.
Jas qazaq: Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан Жарас КЕМЕЛЖАН



E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz

NARYQ

Түбі бір

Алтайдың жер аты екенін бәріміз білеміз. Алайда алтай деген халық та бар. Олардың негізгі атажұрты күллі түркінің кіндік қонысы болған тарихи Алтай. Қазір сол алтайлықтар Ресейдің Алтай Республикасында тұрады. Бүгінгі жазбамыз түбі бір туысқан сол алтайлықтардың Арқаға қоныстанған үрім-бұтақтары туралы.

Ат құлағы көрінбейтін ақтүтек боран. Саманнан соккан суырдың ініндей кішкентай ғана жертөле. Оның өзін қасат қар басып қалған. Кірген із бар, шыққан із жоқ. Егер жертөленің есігін әупірімдеп ашып, тау-теніз болып үйілген қалың қардан жол тауып, жарық дүниеге шықса, көз тоқтатар қарасын көрінбес еді. Төрт құбыласы тегіс аппақ дүние. Оның өзі тынымсыз соккан бораннан көрінбейтұғын. Қар аппақ, дала аппақ, аспан аппақ болғанымен, қараңғылық тұмшалаған. Қайғының кара бұлтты басқан. Қара шымылдықтың ар жағынан құтты май шамның жарығындай нәзік бір сәуле көрінер еді. Ол үміт сәулесі.



тарайтын жұрт екен. Даласы сұсты, аязды, боранды болғанымен, сол өлкені мекендеген адамдардың жүрегі жылы, құшағы ыстық. Аштықтан

тәрбиесі шығар. Кейін тіршілік қамымен Алтайдан ауған жұрт осы Шортанды ауданының, іргедегі Целиноград қаласының төңірегінде елді мекендерге қоныс аударды. Бірақ жақсылықтың түпқазығы, ұрығы осы Алтай ауылында қалды. Алтай Шортанды даласындағы достықтың бәйтерегі. Біз соның бір-бір жапырағымыз, — деп ағынан жарылды.

Қазір Алтай ауылының тұрғындары ақық дән аялап, ақтылы мал өсіреді. Басым көпшілігі Новокубанка селосындағы жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде еңбек етеді. Серіктестік директорының өндіріс жөніндегі орынбасары, Шортанды аудандық мәслихатының депутаты Яков Бельц Алтай ауылының тумасы. Оның інісі Александр ауылдағы серіктестіктің төрағасы. Аналары Мария киын-қыстау кезеңде ата-анасымен бірге қазақ даласына жер аударылған. Кейуана күні



Үміт жібі жергілікті жұрттын жанашырлығына байланған. Онсыз тіршілік жоқ тәрізді. Алдары қараңғы. 1933 жылы бұл өлкеге Кубань даласынан қоныс аударушылар үдере көшіп келген. Ақсуіек жұт. Қияннан көшіп келгендердің жайы түгіл сан ғасыр бойы осы даланы жайлаған халықтың өзі әлдеқайда қоныс аударған. Кейін 200-ден астам алтайлықтар да жеткен. Ол кезде жазық даладан басқа түк болмапты. Алтайдан көшкен жұрт та кубандықтардың үлгісімен саманнан баспана салған. Сол бір сәтті жанарына жас іліп, жан жүрегі езіліп отырып баяндайтын қуғын-сүргін құрбандарының бүгінгі ұрпағы Раиса Салахованың атасы мен әжесі Василий Каятов, Александра Каятовалар да 1936 жылдың қараша айында алты баласымен бірге жер аударылған. Жол азабынан, аштықтан төрт баласы шетінеп кеткен. Тек 6-7 жасар қыздары София мен Августина әупірімдеп жүріп аман қалыпты. Аштықтың аузынан аман қалған Августинадан бүгінгі біздің жолсерігіміз Раиса Салахова туған. Кейіпкеріміздің айтуына қарағанда, атасы жер аударылғаннан кейін үш жыл осы жерде, кейін Алтай ауылы атанған елді мекенде күн кешкен. 1941 жылы соғысқа аттаныпты. 1943 жылы Курск майданында зұлым жаудың оғынан опат болған. Ет жақын туыстың қабырғасын қайыстырар қаралы хабарды аркалап тілдей қара қағаз жеткен. Әжесі де қайтыпс сапарға аттанған. Кейін ел есін жиганда, София тәтесі атақоныс Алтайды бетке алып, қоныс аударса керек. Ал Раисаның анасы біршама бауыр басып қалған топырақта ірге теуіп тұрып қалады. Қалған бар ғұмыры осы жерде өткен. Тірі болса, биыл тоқсанға келеді екен. Киын сәттегі күрмеуі жазылмас, жүрекке түскен таңбаны тарқатып, ұрпағына сыр шертеді екен. Беймағлұм өлке, бейтаныс адамдар. Тілін, дәстүрін біле бермейді. Кейін бажайласа, түбі бір түркіден

әбден бұратылған, келешектен күлер үзген Алтайдан ауған боздақтарды өздерінің шекесі шылқып тұрмаса да құшақ жаяя қарсы алған. Бір үзім нанды, нан емес, жарты бидайды жарып жеген. Қолға ілікпейтін, бірақ өмірін ұзартар, үміт сәулесін лаулатар әлгі дәннің жартысын өзі жесе, жартысын Алтайдан ауған ағайынға ұсыныпты. Әжесінің айтуына қарағанда, жер бетінде мұндай өзгеге дегенде өзегін жұлып беретін жанашыр жұрт жоқ шығар. Алғашқы бетте қаншама қиындықты бастан кешірген. Кейін ауыл шаруашылығымен айналысқан, азабы шаш-етектен. Мал да баққан. Алтайлықтарға бұл жұмыс тансық емес еді. Түгін тартса май шығатын қазақ даласы былай тұрсын, өр Алтайдың етегін жұмақ қылған жұрт емес пе, көп ұзамай қатарға қосылып кетсе керек. Бүгінде бір заманда азап аркалаған, кейін ес жиып, етек жапқан шок жұлдыздай Алтай ауылында орыс, неміс, украин, беларусь ұлтының өкілдері тұрады. Әуел баста табан тіреген алтайлықтардан қалған екі шаңырақ бар. Ұзын-ырғасы жүзге таяу жұрт. Осылардың барлығы күні кешегі қуғын-сүргін құрбандарының ұрпақтары. Қай шаңырақта болсын, өткен күннің өзекті өртер өкініші кейінгіге сабақ ретінде айтылып келген, әлі де айтылады. Бауырмал қазақтың баға жеткізгісіз жақсылығы. Раиса Николаевна Целиноград қаласында курста кітапханашы мамандығын оқыған. Отыз жыл бойы табан аудармастан, Алтай ауылындағы кітапханада жұмыс істеді. Раиса ханым: «Ол кезде ауыл түгел дерлік кітап оқитын. Көркем әдебиеттің самала сәулесін төгіп тұрған кезі еді. Алтай ауылында сандаған ұлт өкілі тұрды. Лұқпан есімді жалғыз қазақ болатын. Оның өзі Алтай қазағы. Бір айта кетерлігі, сан ұлттың өкілі шын мәнінде бір ауыл, бір бауыр болып күн кешті. Бет жыртсып, шйі дескен ешкім болмады. Бәлкім, тағдырдың төлкегімен талай теперішті көрген үлкендердің

бүгінге дейін осында тұрады. Он жасында көрген қиянат пен зұлмат есіне түссе, әлі де көзіне жас алып, кемсендейді. «Аштықта жеген құйқаның дәмі ауыздан кетпейді» дегендей, Мария апа да ауызындағысын жырып берген лаулатар әлгі дәннің алғысы шексіз. Қазақтың қамқорлығынсыз көрер жарығымыз жоқ еді», — дейді. Айтпақшы, Раиса Николаевна төртінші сыныпта оқып жүрген кезінде ата-анасы Алтай Республикасына қоныс аударған екен. Атажұртта бірер жыл тұрса керек. Жерсінбепті. Өз жерінде, өз елінде өгей адамның күйін кешкен. Сөйтсе, ендігі Отаны — Қазақстан, қазақ даласы екен ғой. Ағайыны да, бауыры да, бауырдың ішіндегі тәуірі де қазақ екен. Раиса Николаевна осылай түйісінеді, осылай түсінеді. «Алтай халқы негізінен өте еңбеккор. Тілі қазақ тіліне ұқсайды. Себебі алтай тілі де түркі тілдер тобына жатады. Алтайлықтар да өзі ішінде бірнеше руға бөлінеді. Мысалы, біздің руымыз төленгіт» — деп, шежіре таратып отыр. Сонау 1936 жылы Шортандының сол кездегі шерге бөккен даласына анау Алтайдан аңырап келген көшті қазіргі Алтай ауылымен алтайлықтар жерленген қара қорым ғана еске салады. Кейінгі ұрпақ сол алтайлықтардың үрім-бұтағы ата-бабаларының рухына мінежат етіп, дұға оқып тұрады. Ат арытып, арнайы келеді. Раиса ханым өткен күннің елесін есінде сақтаған. Көкірегіңдегі көне сурет қыздың жиған жүгіндей қатталған. Сол елес өшпесін деп бірер жыл бұрын қуғын-сүргін құрбаны деген құжатын түзіп алыпты. Алдағы өмір қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған бейбіт заман. Арман көп, үміт мол. Кейіпкеріміздің ендігі тілегі, қандастарына құтты мекен болған қазақ даласының мергенесі кеңіп, мәңгілік ғұмыр кешуі.

Байкен КӨБЕЕВ,
Шортанды ауданы, Ақмола облысы

Шаруа

(*Басы 1-бетте*)

«Е-е, қарағым, наурыздың 22-сіне 65-ке толамын, бұйыртса.

Үйдегі атаңмен бірге 31 жылдан бері осы өзіміз құрған шаруа қожалықта өмір сүріп келеміз. Бір сөт те еңбексіз отырғанымыз жоқ. 1989 жылы 12 түйемен осы шаруашылықты құрып едік, қазір олардың саны әжептәуір ұлғайды. Күніне 60-70 литр сүт сауамын, балам», — деді. Одан ары әңгімесін жалғап: «Бұл жерге Қызылорданың Жанакорған ауданынан көшіп келдік. «Экологиялық аймақта балалардың болашағы қалай болады?» деген оймен сондағы бар қызмет, игілікті тастап кеткенбіз, — деді үйіне қарай бастаған түйеші апа. Несібелді Шәріпбайқызы әңгіменің жалғасын шаңырағындағы кең дастарханда отырып жалғады. Сөнді ыдыстағы бал қымызды сапырып-сапырып жіберіп бізге ұсынды. Бал қымыздан дәм тата отырып, ұзын-сонар әңгіме өз желісін тапты. Біз — тыңдаушы, ол — айтұшы. Байқамын, басымнан базарым өтті деп отырған

АПАНЫҢ ӘҢГІМЕСІ

кейуана көрінбейді. Түйе шаруашылығын алтын қазығына балаған ол бұл іске аса ыждаһаттылықпен бел шеше кіріскен. — Сондағы бар қызметті тастап келдік дейсіз. Қандай жұмыс істеп едіңіз? — дедім. — Жанакорған ауданы Келінтөбе совхозында отырғанда материалдық жағдайымыз өте жақсы еді. Ол кезде жұрт ақшасы барды миллиардер деп айтуға именетін. Көкен — ауылда қассыр мен совхоздың, селсеведтің бухгалтері болдым. Ол шақта ауылды жерде өте қадірлі лауазымды мамандықтар. Кейіннен — дүкен сатушысы болдым. Сол кезеңдерде ішіп-жемнен бастап киім-кешек, дүниелік нәрсенің бәрі тапшы еді ғой. Оның үстіне, ауылда бір ғана дүкен. Сатуға түскен тауардың бәрін әділ үйлестіретінімен деп ойлаймын, елді мекендегілермен әңгімем жақсы жарасатын еді. Сөйтіп жүргенде, декреттік демалысқа кеттім. Сонда бас бухгалтер басшыға «Мұханқожаеваның орнына басқа келінді жұмысқа алайық» дегенінде, ол кісі келіспепті. Бас есепші: «Не, оны шешесі азық-түлік дүкенінің ішінде туып па?» деген көрінеді. Құдайға шүкір, мені кеудемнен итерген адамдар болған жоқ. Ауылда еркелетіп Нестай деп айтатын. «Ұлым — Әбекендей, келінім — Нестайдай болсын!» деп жана түскен келіндердің басына орамал салдыратын. Кейіннен екі рет ауылдық кеңестің депутаты болдым. Екі рет сайлауға түсіп, екеуінде де мұратыма жеттім. — Келінтөбеде сіздерді басына көтеріп қадірлеген екен. Тіпті депутат болып, шенеуніктік қауырт жұмыстың да дәмін татқан екенсіз. Шымкентке дәм-тұз қалай тартты? — дедім, әңгімесім бұзып. — Жақсы ортаны, жақсы жұмыстың бәрін тастап келгендегі түпкі мақсатымыз — балалардың болашағы. Шаң-тозан, қарасора. Жел тұрса, қасындағы адамды көре алмайсың. Айнала батпақ. Бұрын ондай табиғатты көрмеген мен үшін мұның бәрі қиын болды. Өйткені, мен Алматы облысының Райымбек ауданында Қарасаз деген ауылда, Мұқағали Мақатаевтың туған жерінде дүниеге келгенмін. Ол кісі менің нағашым



болып келеді. Бір әке-шешеден екі ұл, үш қыз өсіп-өндік. Анам 27 жасында бала үстінде ерте дүниеден өтіп кеткен. Ал мен ол кезде бар болғаны сегіз жаста екенмін. Әкем мені Алматыдағы эксперименталды мектеп-интернатында оқытты. Мектепті бітірген соң Тағардағы ауыл шаруашылық техникумында жоғары білім алдым. Әбекеммен сол кезде таныстық. Оқу бітірер жылы Келінтөбеге келін болып аттандым. Шыны керек, пойыздан түскенде қай жерге келдім деп ойладым. Бесарық деген жерден түсіп, паромға бардық. Паромнан ары қарай екі сағат көлік күтіп қарашаныраққа өзер дегенде жеттік. Ата-әнем өмірден өтіп кетіпті. Екі жарым жыл үлкен абысынымның қолында тәрбиелендім. «Бөлек шығындар» десе, «Жоқ, менің әлі үйренбеген нәрсем көп» деп айталы екенмін. Себебі сиыр саусам, шала сауатын сияқтымын. Күбі піссем, майы түспей қалатындай көрініп тұратын, — деп күлді. Кейіпкеріміздің әңгімесінен кейін мына жайға көз жеткізгендей болдық. Бүгінде қайратқай шындалған, қайратты Несіп ана бала күнінен еңбек етіп, жұмыспен шыныққандықтан, осындай дәрежеге жеткен. Мұның бәрі еңбектің арқасы. Еңбек адамы деп жүретін кейіпкеріміз дәл осы кісідей болар. Совхозда кооператив ашып, отағасы

Әбілқасым Мұстафаев Түркіменстаннан жүк көлігімен 12 түйе әкеледі. Сөйтіп, қатарынан 3 жыл сол жақтан түйе тасиды. «Бозінген» атты шаруа қожалығын құрады. Нарынқолдың ақсаусак Несібелдісі қылқандай өндірі шағында түйе саумақ былай тұрсын, ол кезде бұл жануардың суретін де көрмеген. Үкімет шаруашылыққа деп 30 гектар жер береді. — Ешкім іштен оқып тумайды — деп сұхбатымызды өзі жалғады. — Өмір өзі тәрбиелейді екен, балам. Күнде таң елең-алаң сағат 6-да ұйқыман оянамын. Намазымды оқып, сағат 8-де келушілерге сүтімді дайындап тұрамын. Соңғы 7-8 жылдың көлемінде ел түйе сүтінің қасиетін ұғынып, жаппай емге ішіп жатыр. Қарабұлақ, Сайрам, Ленгір, Темірлан жактардан келіп,



жылы күйінде ішеді. Күніне 20 адам қабылдаймыз. Сүт мол болса, артылып қалғанын қымыран қып ашытамыз. Сауын түйемді де, биемді де үш мезгіл сауамын. Уақыттың қалай тез өте шыққанын байқаймай қаламыз. Қорадағылар қол бала түйелер, бота кезінен мәпелеп өсірген жануарларым. Түйені сатып аларда малдың мінезін әбден зерттеп, үш литрден жоғары сүт беретінін ғана аламыз. Бізге басы емес, сүті керек. Біздегілер әбден екшелеп әкелінген түйелер. — Түйенің басы қанша тұрады? Сүті ше? — Қазір шұбаттың бағасы — 1000 теңге. Ал 3 литрге дейін сүт беретін түйе 1,5 миллион теңгеге сатылады. Арзан емес. — Түйе баққан онай ма, жылқы баққан онай ма? — Жер кең, шөбі шүйгін болса, түйе баққан онай. Бір сиырды сауып болғанша үш түйе сауасын. Оны сауғанда тізерлеп отырмайсың. Түрегеіп тұрып сауасың.

Осы кезде қазақтың халық ақыны Майлықожа Сұлтанқожаұлының: — *«Қоштің көркі түйе еді, Шыңырауға қауға байлап бақ. Жетекші келер жылқы мал, Семізін мініп айдап бақ. Қой деген мал береке, Қолайлы қоныс жайлаппақ. Сыыр, өзіз тоқ қылар, Түнеген жері айбатпақ. Шаруа болсаң, мәнісін Әрқайсысының ойлан тап»*, — деген өлең шумағы ойыма оралды. Бұл жерде «түйені шыңырауға қауға байлап бақ» дегені, көн теріден жасалған шелегіңді тастама деп ұғындырғысы келгені. Яғни бабамыз қыста қыстауға, жазда жайлауға көшіп, мал шаруашылығын кәсіп еткен ХІХ ғасырда-ақ түйенің, оның сүтінің пайдасы көл-көсір екенін мензеп тұр. Ресейліктер жан-жануардың барлық түрін жинап, лазер сәулесіне жатқызып, тәжірибеден өткізіпті. Сонда тек түйе ғана тірі қалыпты. Тексере келе, оның өркешінде, майында, жүнінде радиация өткізбейтін ақуыз бар екені анықталған. Көршілер сол кезде осы құпияны білген, бірақ жасырын ұстаған. Қазірде түйе жүнін бойынан ешқандай сәуле өткізбейтіні үшін ғарышкерлердің киіміне пайдаланады деседі.

— Өзім түйенің жүнінен көрпе тігемін, белбау тоқимын. 65 жастаымн десем, ешкім сенбейді. Осы жасымда таңғы 6-да тұрып, түнгі 12-де басым жастыққа тиеді. Денсаулығыма ешқандай шағымым жоқ. Жасыратыны жоқ, кейбір кездері шаршанқырайтын кезім болып тұрады. Балалар да «көп шабыла берменіз!» деп шырылдайды. Көкене: «Шаршадым» деген сөзді айтпайықшы. Құдай шаршаптасын!» — деп отырамын. Әдепкіде жұрт біздің түйеші кейіпкерімізге «түйе ұстағаны үшін» менсіндіксіремей қарайды екен. Осы кәсіпті ашқаннан бытырға дейін жергілікті тұрғындардан қудалау көріп келіпті. Бос жатқан жайылымдық жерді қызғанған көрінеді. Әбілқасым көкеге малшы, Несіп анаға көмекші: сауыншылар ауадай қажа-ақ. Бірақ ешкім қара жұмыс істеуге құлық таныта қоймапты. Өз ауылдарынан да малшы, сауыншы шықпаған.

Әңгіме аяқталды. Мен Түйелі ауылдан шығып, ешқайда бұрылмай редакцияға қайттым. Айтпақшы, ауылдың ресми атауы Қасымбек Датқа болғанымен, Несібелді апалардың түйесіне бола «Түйелі» аталып кетіпті. Ойымды енді мүлдем басқа бір сұрақ мазалай бастады. Ол: «Неге басқа жұрт Несіп апайды еңбектенбейді? Неліктен көп әйелдер үкіметтің ақшасына иек артуға үйренген? Сауыншылыққа адам таппай отырғандары қалай? Шыны керек, қазір жұмыс жоқ емес, екі қолға бір күрек қайдан болса да табылады. Тек ниет болса жеткілікті.

Шынында, Несібелдідей еңбек адамынан үйренерміз көп екен. Осы сапарда біз соны ұқтық. Соны білген британдық Би-Би-Си арнасының тілшілері бытыр келіп кейіпкерімізді түсіріп, арнайы репортаж жасапты. Ал бізде қарапайым еңбек адамдарынан гөрі, эстрада жұлдыздарының не киіп, не ішетіні маңыздырақ болып тұр. Несібелді Шәріпбайқызындай істің адамы көп болса екен дейсін...

Мәдлір КЕНЖЕБАЙ,
Түркістан облысы

Сұхбат

Дін – нәзік тақырып. Өйткені, дін – сенім. Ал сенімді бұрмалау, адамды тура жолдан тайдыру деген сөз. Радикалды топтардың ісі бұл. Қазақ топырағында Тәуелсіздіктен бері қаншама жастарымыз жат ағым жетегінде кетті. Әсіресе, еліміздің батыс аймағынан отты нүктелерге – Таяу Шығыс елдеріне аттанғандар өте көп. Олардың біразы «Жусан» операциясымен елге оралды. Алайда дін атын жамылған лаңкестермен бірге, оқ пен оттың ортасында жүрген қандастарымыз әлі аз емес. Бүгінгі сұхбатымызда Атырау өңіріндегі діннің ахуалы, терроризммен күрестің жай-жапсары толық баяндалады.

Jas qazaq: Біраз жылдан бері Атырауда бірнеше лаңкестік оқиға орын алды. Бұл жағдайлар дін атын жамылған радикалды, экстремистік топ мүшелерінің қолымен, діни ұғымдарды бұрмалау арқылы іске асты. Дін саласын зерттеуші мамандар теріс діни уағыз таратудың артында мемлекеттің тұрақтылығы мен қоғамның тыныштығын бұзу пиғылының жатқанын айтады. Осы айтқандарды саралай келіп, Атыраудағы қазіргі діни ахуалды қалай бағалар едіңіз? Жалпы, Атырауда лаңкестік шабуыл қауіпі бар ма?

Х.Қошқалиев: Атырау облысында діни ахуал тұрақты. Десе де, жат ағым туралы сөз болғанда, еліміздің батыс өлкесі бірінші айтылып жатады. Қазіргі уақытта Атырауда жат идеологияның жетегінде жүрген отандастарымыз аз емес. Олардың барлығы арнайы органның есебіне алынып отыр.

Jas qazaq: Жат ағым дегеннен шығады, шетке барып, діни білім алуға Қазақстанда заңмен салынған тыйым жоқ. Осы жағдайды кейде жат идеологияның шейхтары тиімді пайдаланып кетіп жатады. Күмәнді оқу орындарында оқып жүрген атыраулықтармен арада қандай да бір байланыс бар ма?

Х.Қошқалиев: Айтқаныңыз орынды, ешқандай ресми тіркеуі жоқ оқу орындарынан келетін қауіп бар. Оны жасыруға болмайды. Және бұл қауіп

Сырттай қарағанда айырмасы болмаса да, күмәнді оқу орындарында жүрген қазақстандық студенттердің өзі ішінде бірнеше топқа бөлінеді. Мысалға, Египет еліндегі зансыз оқу орындарында жүрген қазақстандық студенттер қазір Хайа сабаға (*7 ықшамаудан, түрік жамағаты*), Хайа сәни (*8 ықшамаудан, Ағбаи*), Хайа ашар (*10 ықшамаудан, сәләфилер*) атты жікке бөлініп жүр. Соның ішінде, соңғы аталған оныншы ықшамаудандағы сәләфилік бағытта «білім алғандар»



жұмыс ата-аналарымен арада жүргізіледі. Осындай кезең-кезеңмен жүргізілетін жұмыс нәтижесінде елге оралып, оналғандары бар.

Бірақ Таяу Шығыстағы қактығыс аймақтарына аттанып кеткендердің арасында аталмыш оқу орындарындағы азаматтар барын ескерсек, олардан террористік қауіп мүлдем жоқ деп те айта алмаймыз.

Jas qazaq: «Жусан» операциясымен оралғандар арасындағы қазіргі ахуал қандай?

Х.Қошқалиев: Еуропаның өзі асқан сақтықпен қарап отырған «Жусан» арнайы гуманитарлық операциясы нәтижесінде Сириядағы қактығыс аймағынан Атырауға жүзге жуық адам әкелінді. Олардың 82-і бала, 24-і әйел.

Қазіргі уақытта Атырау облысы дін істері басқармасы қактығыс аймағынан оралған отбасыларға теологиялық, психологиялық, әлеуметтік, материалдық тұрғыда көмек беріп отыр.

Біздің қазіргі мақсатымыз — олардың ортаға әлеуметтенуіне мүмкіндік жасау. Осы ретте «Жусан» операциясымен оралған 14 әйел тегін курстан өтті. Араларында аспаз, шаштараз, тырнақ әрлеуші, тігінші мамандықтарын игергендер бар. Енді олар тегін алған білімді кәсіпке айналдыра алады.

Jas qazaq: Сұхбатымызды қорытындыласақ...

Х.Қошқалиев: Қалай десек те, қазіргі таңда терроризм мен экстремизмнің

Хайролла КӨШҚАЛИЕВ, Атырау облысы дін істері басқармасының басшысы:

ЖАТ ИДЕОЛОГИЯ ЖЕТЕГІНДЕ ЖҮРГЕН БАУЫРЛАРЫМЫЗ



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Біздің қоғамда интернет сайттарын, басқа да байланыс құралдарын пайдаланып жұмыс жасап жатқан дәстүрлі емес діни ағымдар мен секталардың, шетелдік уағызшылардың ықпалы жоқ емес.

Осы ретте Атырау облысы дін істері басқармасы бастамашылық танытып «Kaz Dream» компаниясы ұсынған «Аналитикалық интернет карта» атты жобасын іске қосқанын атап өткен жөн. Бұл жоба — әлеуметтік желіде тіркелген Атырау облысы тұрғындарының парақшаларына автоматты түрде мониторинг жасап, діни теріс бағыттағы материалдар табылған жағдайда толық зерттеуге мүмкіндік береді.

2019 жылы жоба аясында 4 170 жуық аккаунт қаралып, соның 301-і деструктивті діни бағытында екені анықталды. 183 аккаунт діни сараптамадан өтіп, 33 адамға Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 453-бабының 2-тармағы бойынша айыппұл салынды.

әлемдік сипатқа ие. Қазіргі таңда Атырау облысы бойынша күмәнді діни оқу орындарында оқып жатқан 30-ға жуық азамат бар. Атырау облысы дін істері басқармасы олардың ата-аналарымен, отбасымен жоспарлы кездесу өткізіп, түсіндіру жұмысын жүргізіп келеді. Күмәнді оқу орындары өз алдына үлкен тақырып.

Атырау облысы дін істері басқармасы атыраулық тұрғындар үшін балаларының қандай діни бағытта жүргені жөнінде тегін түрде күнделікті интернет желісіндегі аккаунттарына мониторинг жүргізіп, анонимді түрде ақпарат алуға мүмкіндік бар екенін хабарлайды. Қызметтік байланыс телефондары: 8 702 519 05 69; 8 778 704 71 78.

арасында Сирия асып кеткен қазақстандықтар бар.

Jas qazaq: Белгілі бір өзгерісті байқау үшін, дейін және



кейін деп жатамыз ғой. Зансыз діни оқу орындарында оқығандар қалай өзгереді?

Х.Қошқалиев: Өкінішке қарай, олар тез өзгереді. Өзін тәрбиелеген ата-анасына, мемлекетке, қоғамға деген қарым-қатынастан бастап, санаға дейін құлдырау деңгейіне түседі. Міне, Атырау облысы дін істері басқармасының осы жердегі міндеті — профилактикалық жұмыстарды

максималды түрде тиімді жүргізу болып отыр. Біз шетелдегі студенттермен байланыс орната алмаймыз. Олармен байланысу үшін бірінші кезеңдегі

қауіп-қатері үкіметті, қоғамды және әрбір азаматты алаңдатын мәселе болып отыр. Әлемде орын алған түрлі терактілерді сараптап қарасақ, олардың дайындығы мен іске асырылуы

деңгейінің жоғары, террористік ұйымдардың идеологиялық және психологиялық негіздемелерінің аса күрделі екендігін байқаймыз.

Яғни бүгінгі әлемде «халықаралық террористік интернационал» қалыптасты деп айтуға да болады. Мұндай қауіп-қатердің негізгі ірі террористік ұйым емес, радикалды идеологиялық әсермен пайда болған, сырт елдердің ықпалындағы дербес, яғни аса үлкен емес ұйымдар мен жеке террористер екенін айтуымыз керек. Өкініштісі, солай бола тұра, терроризм қауіп белгілі бір аймақпен немесе елмен шектелмейді. Бұл проблемамен күресте бізге бірлік керек. Бүгінгі сұхбатымыздың түйіні осы болса...

Баян ЖАНУЗАКОВА,
Атырау облысы

KÖKEIKESTI

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz



«Балаларға қуаныш сыйлайық» атты мерекелік концерттің Қазақ онкология және радиология ғылыми-зерттеу институтының кішкентай емделушілері үшін маңызы зор. Өйткені, өміріне қауіпті дертпен күрескен әр бала жігерлі ері

нағыз батыр. Көктем қарсаңында өтетін бұл шара биыл бесінші рет ұйымдастырылып отыр. Ал жыл сайын қайырымдылық шараға қатысқысы келетіндердің қатары артып, балаларға қуаныш сыйлағысы келетін қала тұрғындары көбейіп келеді.

ҚУАНСА, БАЛА ҚУАНСЫН!



Алматыдағы Республика сарайында өткен салтанатты концерт биыл ерекше ұйымдастырылыпты. Өйткені, қатерлі ісікке шалдыққан бүлдіршіндерге титтей де болса, қуаныш сыйлау үшін мерекелік кешті ұйымдастырушылар, еріктілер мен өнер адамдары, спортшылар, бишілер мен БАҚ өкілдері аянып қалмады. Ал мерекелік кештің басты қонақтары онкологиялық институттың кішкентай емделушілері мен ата-аналары «Мерседес» компаниясы ұсынған арнайы көртежбен сарайға жеткізілді. Жобаның жетекшісі Кира Ударцеваның айтуынша, «Балаларға қуаныш сыйлайық» мерекесі онкологиялық институттың кішкентай емделушілеріне арналады. Ол: «Балалар айлап-жылдап институттың төрт қабырғасынан шықпайды. Біз әр жұма сайын барып, оларды суретке түсіріп, сыйлық ұсынып, арманын-тілегін сұраймыз. Осылайша, олардың арманын орындап, кішкентай болса да қуаныш сыйлағымыз келеді», — дейді.



Мерекелік шараны ұйымдастырушылар мен еріктілердің айтуынша, «Балаларға қуаныш сыйлайық» атты мерекенің ерекшелігі — мұндағы науқас балалар өздеріне қуаныш сыйлауға келген адамдармен бірігіп, олардың қолдауын сезінеді. Биыл мерекелік концертті ұйымдастыруға Алматы әкімдігі, полиция департаменті, «Эйр Астана», төтенше жағдайлар департаменті, әуежай, театрлар, мейрамханалар мен еріктілер және басқа да белсенді азаматтар көмектескен.

Кира Ударцева: «Біз ең алдымен науқас балаларға фотосессия жасаған кезде олардан қай образды тандайтындарын сұраймыз. Бізге бұл маңызды. Өйткені, баланың арман-тілегіне қарай жұмыс істейміз. Мысалы, бала - аспазшы бейнесінде болғысы келсе, біз әлеуметтік желі арқылы адамдарға жүгінеміз. Ал камкор адамдар дереу жауап беріп, көмегін ұсынады. Баламен жүрек жылуын бөліседі. Психологиялық қолдау мен қуаныш сыйлау балаға дәрі сияқты емдік қасиеттерге ие», — деді.

Мерекелік шараға келген Інкәр есімді кішкентай бүлдіршіннің анасы Жанар Жиенбаева: «Біздің балаларымызға ғана емес, тіпті ата-аналарға да қуаныш сыйлаған бүгінгі концертті ұйымдастырушыларға алғысым шексіз. Қызым қуаныштан бал-бұл жайнап жүр. Оның көңілді дидарын көру мен үшін үлкен бақыт. Осындай шара жиі ұйымдастырылса, игі болар еді», — дейді.

Мерекені ұйымдастырушылар «әрқайсымыз балаға қуаныш сыйлай аламыз» деп санайды. Ол үшін жай ғана күлімдеп, мейірімділік танытсақ, балаларға көңілді эмоция сыйлай білсек болғаны. Қатерлі дертті емдеуге болады. Ол үшін сенім мен үміт керек. Бұл мерекенің басты мақсаты — біздің елімізде балалардағы қатерлі ісік ауруын ерте диагностикалауды дамыту, осы мәселені барынша қамту. Жоба белсенділері «Балалар — бұл еліміздің болашағы. Тек өзіміз ғана балаларымызға көңілді және бақытқа бөлейтін қуанышты сәтті сыйлай аламыз», — дейді.

Макпал НОҒАЙБАЕВА



E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz

АЙМАҚ

Ынтымақ түбі – береке

емес. Бастарына күн туған жылдары қазақ халқынан жылылық көріп, бір үзім нанды тең бөліп жеген жандар тілі, түрі, діні бөлек болғанына қарамастан, өзара оңай бауырласып кетті. Осы күні Тәуелсіз қазақ топырағында бейбіт ғұмыр кешкен ұлттарды қазақ халқының жанашырлығы біріктірді.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы жарқын оқиғалардың бірі 1995 жылғы 1 наурызда жана этносаралық қатынастар институты — Қазақстан Халқы ассамблеясының құрылуы. Құрылған күннен бастап барлық ұлттық-мәдени орталықтар мен этнос өкілдерінің басын қосып, бір мақсат — ынтымақ пен келісім аясында біріктірген Қазақстан Халқы ассамблеясы мемлекеттік ұлттық саясатты жүзеге асыруда маңызды қадам болды. Өйткені, еліміз үшін сол тұста бейбітшілік пен тыныштықты сақтау өте қажет еді. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті, Ұлт көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстан — 2050 Стратегиясы»: қалыптасқан мемлекеттің жана саяси бағыты» атты Жолдауында Қазақстан Халқы ассамблеясы мәдениеттер диалогының бірегей еуразиялық үлгісіне айналғанын атап өтті. Расында ассамблеяның облыстық бөлімшелері мен этномәдени орталықтар бүкіл әлемге әртүрлі этнос өкілдерінің бейбітшілікте, достық пен келісімде өмір сүріп, ынтымақтаса, тіршілік ете алатынын дәлелдеді.

Осындай берік ынтымақты одан ары өркендету үшін Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығына сәйкес күнтізбемізге жан жадыратып, мерейімізді өсіретін ерекше бір мереке енгізілгені төрт жыл өте шықты. 2016 жылы алғаш рет тойланған Алғыс айту күні аз уақыттың ішінде ғұрпымызда бар ғұмырлық мерекеге айналып үлгерді. Соның нәтижесінде, ауызбіршілігіміз артып, жоғалтқанымызды тауып, өшкенімізді жағып, бір-бірімізге деген ілтипат-құрметіміз күшейіп, төрт құбыламыз түгенделе түсті. Сондай-ақ бұл күн көктемнің алғашқы күні болғандықтан, жанымыз жадырап, жүрегімізге жылылық еніп,

жанымызға жақын жандарға ыстық ықыласпен жүрек сөзін арнап, жабыққанға жігер сыйлайды. Ең бастысы, бұл мерекенің құндылығы — тар заманда талай ұлттың баласын бауырына басқан, адамзатты алапап бөлмеген, Алаш жұртының алтын дінгегі — дарқан мінез қазақ халқына Алғыс айту. Өйткені, бұл күн тағдыр тоғыстырған Қазақстанның көпэтносты халқының ортақ тарихын құрметтеу күні. Қайырымдылық дәстүрлерін, әлеуметтік ынтымақты және өзара көмек көрсетуді қолдау күні. Бұл — репрессия мен жер аудару жылдарында біздің халық көрсеткен мейірімділік пен ақ көңілдік, қолда бармен бөлісу, көмек көрсету сынды рухани дәстүрлер күні.

Биыл Алматы облысында Алғыс айту күні жоғары деңгейде өтіп, ел мен елді біріктіріп, жұрт пен жұртты жақындатқан тамаша дәстүрлі шараларымен ерекшеленді. Сол қатарда Талдықорған қаласындағы Достық үйінде «Бірлігіміз жарасқан» атты форум өтті. Оған ел ағалары мен қоғам қайраткерлері, этнос өкілдері қатысып, жүрекжарды лебіздерін білдіріп, береке мен ынтымақтың берері мол екенін айтты.

Сол қатарда Алматы облыстық Қазақстан Халқы ассамблеясы төрағасының орынбасары, хатшылық меңгерушісі Ғабит Тұрсынбай: «Алғыс айту күні — халқымыздың дәстүріне айналған мейірімділік және жанашырлық секілді асыл қасиеттерін күллі әлемге паш ететін күн. Бұл күні саяси қуғын-сүргін жылдарында жер аударылып, сағым қуған сайын далаға жеткен көптеген халықтардың көрген азабын жеңілдетуге, тартқан қорлығын сейілтуге үлес қосқан қазақ халқына алғыс айтылып, бүгінде Алматы облысында тату-тәтті тіршілік кешіп жатқан 100-ден астам этнос өкілдерінің кең-байтақ еліміздегі бейбітшілік пен тыныштыққа шүкір етуі жақсы сөзбен дәріптеледі. Алғыс айту күнін атап өтудің мақсаты айқын. Елбасының достық, татулық, толеранттылық, сыйластық,



төзімділік қағидаларының негізінде Алғыс айту мерекесін жас ұрпаққа түсіндіре білуіміз керек. Қазақ халқының этнографиясын, тарихын,

мәдениетін, шаруашылығы мен дәстүр-салтын, ел бірлігін насихаттаудың килті, меніңше, мемлекеттік тілді білуде жатыр. Біз кейінгі ұрпаққа осы құндылықтарды ұғындырғанымыз абзал.

Үйрену аз, білу керек, білу аз, меңгеру керек, меңгеру аз, қабылдау керек, қабылдау аз, орындау керек. Яғни тұрған елінің әдет-ғұрпын, салтын, тілін біліп, жан дүниесін ұғу — әрбір қазақстандықтың борышы болуы тиіс», — дейді.

Осы күннің еліміздегі береке-бірлік пен ынтымақты ұйытатын кастерлі шараға айналғанын халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, Қазақстанның Құрметті журналисі, облыстық «Жетісу» газетінің Бас редакторы Әміре Әрін былай жеткізді: «Біздің бабаларымыз — ғұндар да, түріктер де, қыпшақтар да өткен замандарда Еуразиядай алып материктің басты интеграторы болған». Бұл сөзді Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өзінің «Тарих толқынында» атты кітабында айтқан. Мұндағы интегратор көшбасшы, негізін құраушы, алтын арқау деген мағынаға саяды. Демек, бабаларымыз сол кездің өзінде Еуразияның көшін бастаған данышпан болған еді. Егер, Түркия мемлекетіне барсаңыз, ағайындар: «Атажұрттан келген бауырларымыз» деп құшақ жая қарсы алады. Бұл біздің ұлы халық екенімізді көрсетеді. АҚШ-тың

мемлекеттік хатшысы Генри Киссинджер «Қазақстан — бүкіл әлемдегі өркениеттің алтын бесігі», — деген анықтама берген. Ендеше, Ұлы дала елін алтын бесікке тенеуінің өзі біз үшін үлкен құрмет, қошемет. Сондықтан елін, жерін, Отанын, қазағын бар жүрегімен жақсы көретін патриот ұрпақ тәрбиелеуіміз керек, — деген каламгер қазіргі қазақ тілінің арғы асыл арнасы мемлекеттік тіл дәрежесінде қолданылғанын айтып, ана тіліміздің мерейін үстем ету бәріміздің азаматтық борышымыз екенін жеткізді.

Сонау нәубет жылы өз ұясынан жат жерге жер аударылып, солақай саясаттың тауқыметін көрген қаншама ұлт өкілі бар. Сондай қиын-қыстауды басынан өткізген отыздан аса ұлттың өкілі Қаратал ауданына орын тепкен еді. Солардың арасында корей ұлтының өкілдері Бастөбе ауылына орналасып, күн кешті. Адамның айдауымен келген ұлтқа қазақ халқы қайырымдылық танытып, бауырына



ҚАЗАҚҚА АЛҒЫС ЖАУҒАН КҮН

басты. Қазір дәл сол аймаққа өздерінің ескерткішін орнатып, жыл сайын осы мерекеде бас қосып, қазақ

халқына алғысын айтып, киелі орынға тағзым жасау дәстүрге айналған.

Корей этномәдени орталығының аксақалдар алқасының төрағасы Виктор Пак: «1937 жылдың 21 тамызында Сталин мен Молотов қол қойған «Қиыр Шығыстағы шекараға жақын аудандарда тұратын корей халқын көшіру туралы» КСРО Халық Комиссарлары кеңесі мен БКП (б) Орталық Комитетінің қаулысында корейлерді депортациялау жөнінде ресми нұсқау берілгені белгілі. Онда Қиыр Шығыстағы корей халқын Оңтүстік Қазақстан облысына, Арал теңізі мен Балқаш өңіріне және Өзбек КСР-іне 1938 жылдың 1 қаңтарына дейін көшіру керектігі айтылған. Қазір олардың көпшілігі Қызылорда облысы мен Қаратал, Көксу аудандарына орналасқан. Жолдан әбден қажып, қалжыраған корей ұлтын қазақтар құшағын айқара ашып, емен-жарқын көңіл-күймен қарсы алды. Қаншама қайғы-қасірет пен қуғын-сүргінді басынан өткерген қазақ халқы тағдырлас корей халқының жан күйзелісін тереңнен түсініп, бауырына басты», — деді.

2016 жылдан бері атап өтіліп келе жатқан Алғыс айту күні жылда Бастөбедегі «Қазақ халқына мың алғыс» ескерткіші түбінде тек аудан ғана емес, облыс деңгейінде атап өту салтқа айналды. Бұдан кейін де дәл осылай бола беретіндігі анық. Осы тұста тағы айта кету керек шығар, «Қазақ халқына мың алғыс» деп аталатын ескерткіш 2012 жылы Бастөбе тауының етегінде корей ұлты өкілдерінің Қазақстанда өмір сүріп жатқанының 75 жылдығы қарсаңында тұрғызылған болатын. 1937 жылы күштеп жер аудару нәтижесінде қазақ жеріне тұрақтаған корейлердің қазақ халқына деген құрметінің белгісі болып тарихта қалды. Оған Қазақстан корейлер қауымдастығы бастамашы болып, Қазақстан Халқы ассамблеясы, Алматы облысы мен Қаратал ауданының әкімшілігі және Корея елшілігі қолдау көрсетті. Қуғын-сүргін құрбандарының 15 жылдығы мен Қазақстан мен Корея арасындағы қарым-қатынастың орнығуына 20 жыл толуымен тұспа-тұс келген бұл шара тек Алматы облысы ғана емес, күллі

республикаға үлгі-өнеге болды деуге болады. Мәселен, «Қазақ халқына мың алғыс» деген атпен, одан кейін арнайы монумент 2012 жылдың қазанында Орал қаласында ашылды. Ал 2016 жылы Шымкентте монумент, 2017 жылы Ақтөбеде стелла, 2018 жылы Астанада монумент тұрғызылды.

Осы игіліктің түп-төркінінің қайда жатқанын Қаратал ауданының әкімі Қайрат Бұлдыбаевтан былай тарқатты: «Алғыс айту күні — халқымыздың дәстүріне айналған мейірімділік және жанашырлық секілді асыл қасиеттерін күллі әлемге паш ететін күн. Бұл күні саяси қуғын-сүргін жылдарында жер аударылып, сағым қуған сайын далаға жеткен көптеген халықтың көрген азабын жеңілдетуге, тартқан қорлығын сейілтуге үлес қосқан қазақ халқына алғыс айтылып, бүгінде тату-тәтті тіршілік кешіп жатқан 130-дан астам ұлт пен ұлыс өкілдерінің кең-байтақ еліміздегі бейбітшілік пен тыныштыққа шүкір етуі жақсы сөзбен дәріптеледі. Жалпы, бейбітшілік достық пен келісім құндылықтары Қазақстанның көпэтносты халқының тарихи тағдырымен ұштасқан. Алғыс айту күні Елбасының бейбітшілік пен келісім саясаты нәтижесінде елімізде қоғамдық келісім мен ұлттық бірліктің бірегей үлгісі салтанат құрған күн. Бұл күн біртұтас азаматтық қағидаларына негізделген елімізді дамыту арқылы ел бірлігін нығайтудың жарқын үлгісі. Алғыс айту күні дегеніміз — қайырымдылық дәстүрді, әлеуметтік ынтымақты және өзара көмек көрсетуді қолдау күні», — деп түсіндірді.

Токтаусыз зырлаған уақыт ассамблеяның этностарды біріктірудегі, өзара құрмет көрсетудегі, шыдамдылық танытудағы, ұрпақ сабақтастығындағы ролі қаншалықты маңызды екенін көрсетті.

Құрылғанына биыл 25 жыл толып отырған Қазақстан Халқы ассамблеясы тұрақты даму жолынан өтіп, халықтық дипломатия институтына айналды. Ұлы дала еліне тәлкегінен айдауымен келіп, өсіп-өнген, үрім-бұтағын жайған 130-дан астам этностың басын қосатын бұл институт республиканың тұрақтылығы мен үдемелі дамуын сақтауда үлкен рөл атқарды. Тіпті этносаралық қатынастар саласында жүргізіп отырған мемлекет саясатының табыстылығын бүкіл әлемге көрсетті.

Жетісу жеріндегі тұрақтылық пен тыныштықтың ұйтқысына айналып отырған облыстық Қазақстан Халқы ассамблеясы қоғамның мызғымас құндылықтарын насихаттауға арналған көптеген іс-шара өткізуде. Ассамблея мүшелері, облыстық этномәдени бірлестіктердің төрағалары да қазақ тілін дәріптеу мақсатында аянбай еңбек етуде. Әзірбайжан этномәдени орталығының төрағасы Аслы Осман, республикалық «Қазақстан-Корея» достық қоғамы облыстық филиалының төрағасы Клара Хан, Алматы облыстық «Оғни Алатау» газетінің Бас редакторы Атсалим Идигов, корей этномәдени орталығынан Владимир Ли қазақ тілінің жанашырлары болып танылды. Сонымен қатар Алматы облыстық Достық үйінде мемлекеттік тілді меңгеруге арналған «Қазақ тілі» орталығы да тегін жұмыс істейді. Бұл басқа этностар арасында мемлекеттік тілді дамытуға ықпал етері анық. Сондықтан өңіріміздегі этнос өкілдерінің жетісулықтарға айтар алғысы көп.

Қаратал ауданы «Славян қозғалысы» этномәдени орталығының төрайымы Валентина Спиридонова: «Алғыс деген сөздің өзінде қаншама мән-мағына жатыр десенізіші?! Алғыс — ізгі ықыластың, жақсы ниеттің, көрсетілген



қайырымдылық пен мейірімділіктің, ақ пейілдің жиынтығы. Осы тұрғыдан келгенде, өз басым алғысты алдымен көкте Аллаға, жерде дарқандығы даласынан дарыған, тектілікке бабасынан жарыған, сөзі қуатты, жүзі шуақты, тілегі тұнық, ниеті ақ, тұмысынан таза, арамдықтан ада, қиянаттан шет, жаны таза, жүрегі پاک, ешкімді жатсынбайтын, кісінің түріне, нәсіліне қарап бөліп-жармайтын, алысты жақындатып, аразды татуластыратын, баршаның баласын бауырына басқан, мейірімін, қайырымын аямай да, аянбай да күннің нұрлы шуағындай төңірегіне шашып, мейірімін төге білетін, бүгінгі жарқын күнге жеткізген, үбірлі-шүбірлі еткен, арынан аттамаған, мен үшін бәрінен биік қазағымға жаудырамын! Қазағымның тарихына тағзым етіп, өмір бойы құрметтеп, киелі тілі мен құдіретті сөзін қадірлеп, алдарында бас иіп өтемін», — деп өзінің жүрекжарды лебізін жеткізді.

Ел мен жердің тыныштығы, халықтың әл-ауқатының артуы, мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуы қоғамдық келісім мен бейбітшілікке, ұлтаралық татулық пен дінаралық сыйласымға тікелей тәуелді. Келісім, бейбітшілік, татулық, сыйластық орныққан жерде даму да, алға жылжу да, халық санының өсуі де орын алады. Бір сөзбен айтқанда, мемлекеттің өркендеп, ел мен жердің жақсылыққа кенелуіне ынтымақ пен тұрақтылық тікелей әсер етеді. Бұл жағынан алғанда мемлекетіміздің өзге елдерге үлгі болып отырғаны көңілге қуаныш ұялатады. Өйткені, талай ұлттың баласына қарашаньырақ болып, жер аударылғандарды туғанындай күтіп алған қазекеннің жақсы қасиеті бүгінгі Қазақстандағы әр ұлт халқының бойына сіңгені анық. Биылғы Алғыс айту күнінен осыны аңғардық.

Қажет АНДАС,

Алматы облысы бойынша меншікті тілші

«Ана» деп аузыңды толтыра айтсаң, көкірек сарайың кеңі түскендей болады. Жаның жадырап, жансарайыңа ерекше шуақ құйылады. Ол – Анаға деген құрметің мен сағынышың! Ол – ананы аңсауың...

Ананы құрметтеу мен қадірлеудің үлкен мектебі бар бұл қазақта!

«Анадан артық дос бар ма? Ашудан артық қас бар ма?», «Ана сүті — бал, баланың тілі — бал» дейді дана казак. Тіпті Мұхаммед пайғамбарымыздың халистерінде ең алдымен ананы құрметтеу парызың ең үлкені екенін айтып өткен. «Әуелі анана, тағы да және тағы да анана, содан соң әкене жақсылық жаса» деген ұлағатты сөздер кез келген адамның кісілік қасиеті мен ішкі әлемнің көркемділігін көрсетсе керек. Нәрестеге ақ сүтін беріп, түнімен бесік таянып, әлдилеген әнімен тербетіп, өмірге қадам басу мен сол өмірді шексіз сүйді үйреткен аналардың әрекеті тәлім-тәрбиенің қайнар көзі емес пе!

Орыстың ұлы жазушысы М.Горькийдің «Дүниеде не жақсылық болса, соның бәрі ананың ақ сүті мен күннің нұрынан жаралған» деп жазуы тектен-тек емес.

Бәріміз де Анадан жаралдық, Анаға мәңгі перзентпіз! Ананың

Біздің Теріскей өңірінде тау баурайында өсетін «сасыр» деп аталатын құнарлы өсімдік бар. Өзі мамыр, маусым айларында пісіп толады. Қысқа сақтауға қолайлы, мал бордақылауға таптырмайтын нағыз құнарлы мал азығы. Колы жеткен жеке адамдар ғана орып алуға әрекет қылатын. Бір киындығы, көбіне таудың қия беткейінде өсетіндіктен, елдің бәрі бірдей бара бермейді. Оның үстіне, оңай жұлынбайды, қолдың күші керек, еңкейіп жүріп, орақпен ору керек болады. Сол бір кездерде анам мен ағам мені ертіп алып, сасыр шөпті оруға баратынбыз. Қанша қиын болса да, таудан орып, оны төменге жинап, бірнеше арба шөпті қораға тасып алатынбыз. Осының бәрі қарап тұрсам, бала-шағаның, келер күннің, болашақтың қамы екен. Әйтпесе бізге кім әкеліп бере қояды оны!

Мен әскер қатарына аттанып бара жатқан сәтті де еш ұмытпаймын. Анашым қоштасып

туғанның құда-жегжаттың қуанышын бөлісіп, құрметін көріп, той-төрінде, өмірдің өрінде жүріп келген-ді. Амал қанша, 2017 жылдың 28 тамыз күні тоқсан жастың бел ортасына келгенде, алып жүрек соғуын тоқтатты... Перзенттері соңғы күнге дейін тік тұрып қызмет қылды, келін мен қыздары, немере-шөберелері зыр жүгіріп күтім жасады. Үлкен кісі де, сол қадір құрметті сезініп өз батасы мен ризашылығын білдіріп өтті. Біле-білгенге Ана деген ұрпақ жалғастырушы ғана емес. Бір заманды бір заманға, бір буыннан бір буынға үлкен әулеттің рухани мұрасын толығымен жеткізуші тұлға, уақыттың дәнекері.

Ендеше, Балажан анамыз да ата-бабадан келе жатқан бай дәстүрді жалғастырған, сол ізгі қасиеттерді жанын салып қолдап-қорғаған, ұлағат-ұлылықты ұлғайтып, ұрпағына жеткізе білген қадірлі кісі болды дейміз. Көзі тірісінде, ағайын-туыс, құда-

жегжатты, ұлдар мен келіндерді, сонымен қатар қыз-күйеубаланы жинап, айтқан сөзі әлі құлақтан кетер емес.

Анамыздың бұл сөздері енді біз үшін ұрпақтары үшін әрдайым есте жүрер қасиетті өсиет болып қала бермек.

«Аяулы қарақтарым, бүгінгі күні мен, құдайға шүкір, тоқсанның бел ортасына таяп, тағдырдың талай тамаша күндерінің куәсі болдым. Небір қиындықтарды, өкінішті жәйттерді де бастан кешірдім. Бармын деп тасыған емеспін, жокпын деп жасыған емеспін. Адал еңбек етіп, балаларымның тілеуін тіледім. Тәуба, ұл-қыздарым өсіп жетілді. Сүйкімді немерелер сүйіп, шөберелерімнің маңдайынан иіскеуді нәсіп етті.

Тілеуін тілеген балаларым үмітімзді ақтап, абыройлы қызмет жасап жатқан жайлары бар. Солардың арқасында, Алла жазып, Мекке-Мәдинаға жол түсіп, қажы атанып қайттым. Еліміз Тәуелсіздігін нығайтып, болашаққа нық қадам басып барады. Осының бәрі көңілге қуаныш ұялатады. Әрине, өмірдің бәрі қызық думан емес. Торқалы той, топырақты өлім бар. Сүйікті пайғамбарымыз: «Қайда жүрсен де, Алла тағаладан қорық! Егер қателікке жол берсең, одан артық ізгілік жаса! Адамдармен әрдайым жақсы мінезбен қарым-қатынаста бол!» деген екен. Сондықтан да біздің әулеттің де әрбір шаңырағының алтын қазығындай — ұлдарым мен қыздарым, келіндерім мен күйеубалаларым, ұрпақтарым, ағайын-туғандарым, құда-жегжаттарым, көрші-қоландарым, жерлестерім, әрдайым ынтымақ-бірлікте болып, тату-тәтті өмір сүріндер, бір-біріне кешірімді болып, сыйласа біліндер. Адал кәсіп қылындар. Құдайдың сәтті күні Сіздерге аналық ақ батамды беріп, өмірдегі бар жақсылықтарды тілеймін! Алла Сіздерге менің жасаған жасымды берсін, көрген бейнетімді бермесін! Үйлеріңнен ынтымақ, бақ-береке кетпесін! «Ағайын тату болса, ат көп, абысын тату болса, ас көп» деген қазағымыздың қасиетті қағидасын да ұмытпаңдар!..» деген еді-ау жарықтық!

Сіздің парасатты лебізіңізді, байыпты бейненізді, ойлы жүзіңізді, сабырлы кейпіңізді үнемі сағынамын. Іштей іздеп, ансаймын, Ана!

Анашымның жоғарыдағы жүрекжарды киелі сөзіне не алып қосуға болады? Иманы саламат болсын, асыл рухы ұрпақ жадында жаңғыра берсін! Ұрпағына, халқына жақсылық тілеген әрбір ананың ақ батасы, жүрек жылуы дәл осылай емес пе, асылы!

Ана жүргенінен кең, мөлдір, асыл не бар мына тірлікте! Оны түсініп - қадірлеу үшін де зор парасат керек!

Шын көңілден тілерім — ортамызда жүрген осындай ақ жаулықты аналар аман болсын! «Ана» деген ардақты да аяулы, өмір берген, өсірген де баққан, ешнәрсеге тенеуге болмайтын, теңдессіз жан! Ананың қадірі алтыннан да биік екенін еш ұрпақ ұмытпаса дейсін!

Жер бетінде мейірім шапағатын мольданы төгіп, ұрпағына ұлылық жолын нұсқаған барша Аналарға тағзым!..

Бердібек МЕЙІРБЕКОВ,
Нұр-Сұлтан қаласы

TIRSHILIK

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz



Кейіпкермен әңгіме

Гүлбүбі апай маңдай терімен тапқан бес-он тенге нәпакасын бүгінге дейін қанағат етіп, шүкіршілік қылып келеді. Осы күнге дейін ешкімнен көмек сұрап, біреудің ала жібін аттаған емес. Оңай жолмен ақша табуға да құмартпапты. Адал еңбектің нанын қанағат қылып жүргені.

(Басы 1-бетте)



ЕҢБЕКПЕН ТАПҚАН НАН ТӘТТІ



Кейіпкеріміз қаладан қашық тұрады. Өтеген батыр кенті шаһардың

Мақпал НОҒАЙБАЕВА,
Фото Ғалия ҚАЛИЕВА

Дарабоз

Біз – шешендік өнерді сүйетін, оны бағалай білетін халықпыз. Ал дана халқымыз ұрпағын тобықтай түйіні бар асыл сөзбен тәрбиелеген. Бүгінде шешендік өнер жалғасын тауып, болашақ ұрпақпен сабақтасты. Оның дәлелі – Алматыдағы Абай атындағы республикалық мамандандырылған мектеп интернаты. Аталған білім шаңырағында «Ділмәр» шешендік өнер үйірмесі бар.

жүрекпен түсіну бір бөлек. Ал біз Абайды оқығанымызбен, оның сөзін көңілімізге тоқып жүрміз бе?» — деп жас орендерге ой тасталды. Ұлдананың қарсыласы, Думан Дәулетбай «Абай — мөлдір бұлағынан қанша ішсен де қанбайтын, қазған сайын алтын мен жаһұтқа толы асқар тау. Ендеше, біз осы асқар шыңды бағындыра алдық па? Немесе Абайды толық тани алдық па? Меніңше, иә! Біз деген сөзге тоқталайықшы. Біз деген ең алдымен туып-өскен еліміз, жеріміз, жас ұрпақ.

Биыл Абайдың 175 жылдығына орай республикамызда көптеген іс-шара атқарылуда. Олардың бірі — Абайды тану үшін ұйымдастырылған «Абай оқулары». Оған қатысқысы келген

ыстық құшағынан қуат алып өскен ұрпақпыз.

Перзент ретінде мен де әзиз анамды еске алған сайын көңілім толқып, терең ойға бойлаймын. Өткен күндер мен алыс жылдар көз алдыма тізіледі.

Қарапайым ғана отбасында туылып, жат жерге келін болып, бір әулеттің ұрпағын жалғап, сол үйдің керегесін ұстап, әулеттің арқа сүйер ақылшысына айналған өз анамды — Балажан Әбілқызын ұрпақтарына, жақын туыстарына жан жылуын сыйлап, көңіл шуағын төккен кен жүректі жандар қатарына жатқызамын. Әкеміз өмірден ерте кетсе де, анамыз қайсар мінезімен үйдің жетімсіз тұстарын білдіртпей бәрімізге бас-көз бола білді, бағып-қақты. Тағдырдың сынын мойымай көтеріп, бізді ел қатарына қосты. Ол кісінің өзі де жастай жетімдік көріп, туған анасы қайтыс болып әкесінің бауырында өсіпті. Бұдан кейін де тұрмыс тауқыметін тартып қайынатасы, атамыз жазықсыз қуғынға ұшырап, өмірлік серігінен де айырылып қиын-қыстау жағдайларды бастан кешіргені тағы бар.

Анамның бейнесі көз алдыма келгенде, еріксіз есте қалған мынадай сәттерді айтпай болмайды. Менің 7 жасқа толар кезім. Мектепке барар кез тақағанда мені ертіп, үйден өз қолымен дайындаған екі киізді алып, Ащысай, Кентау қаласынан асып, Түркістан шаһарына келдік. Бізді әкеміздің нағашылары күтіп алды. Бұл 1970 жыл еді.

Сол кезде бар текеметтің бағасы, шамамен алғанда, базарда 50-60 сомнан аспайтын. Алғаш рет биік дуалды-қақпапы үйге келдік. Алғаш рет темір жәшікті (*теледидар*) көруім. Ертеніне Түркістанның орталық базарына келіп, екі текеметті сатып, қаржылы болғанымыз бар. Анам алғаш рет аяғыма «сандалиқ», кара шалбар мен ақ көйлек, қосымша жылтырақ әлемі көйлек алып берді сол күні! Мінекей, сол жолы еңбекпен тапқан нәпақаның не екенін өз көзіммен көріп, қуанышқа кенелдім. Аса бақытты күйде болдым.

Еңбекте сүт дегеннен шығады, нені де өз маңдай терімен тапсаң, рахатын да сезіне аласың.

тұрған кезде көзінен мөлтілдеп жас тамып кеткенін сездім. Сонда қасында тұрған қайын сіңлісі, апасы-ау, үлкен балаларын сапарға аттанғанда сыр бермеп едің, мұны қайдан шығардың деп, қалжыңдады. Анам болса, өзіме ыстық кенжем ғой, үміт артып, амаңдығын тілегенім ғой деп жуып-шайған екен. Міне, ананың жұмсақ жүрегі деген сол ғой.

Бұндай бала күннің елес суреттері, айта берсек, таусылар ма! Әр кезең, әр сәтті анамның жылы алақаны мен ыстық мейірімсіз елестету еш мүмкін емес. Өйткені, сәби үшін Анадан алып, анадан биік, анадан қымбат ешкім де жоқ.

Асыл анашым Балажан Әбілқызы — Созақ ауданы Теріскей өңіріндегі тоқсан жастың төріне шыққан кастерлі ана, қасиетті әже, қадірлі қажы, текті кәриятардың бірі болып ғұмыр кешті. Қазак ғылымында орны бар академик, тілші-ғалым Ісмет Кеңесбаевтың қарындасы. Ертеде Тілеу Ботбайұлы деген атақты би, ел асығы болған. Осы Тілекеннің бір немересі Кеңесбай ата болса, Нұрymbет деген баласының немересі — Балажан апа. Анамыз 1924 жылы 8 наурызда дүниеге келген. Көзі тірі болғанда биылғы жылы 96 жасын тойлайтын едік.

Анамыз қилы да қиын өмір жолдарынан осылай жүріп өткен, қиындықтарға мойымай күресе білген қайраткер жан. Соның арқасында еңбегінің зейнетін көріп, еңбек ардагері атанды. Саликалы ұрпақ тәрбиелеп өсіріп, ақ жаулықты әже, қадірлі құдағи, Асыл анаға айналды. Анашым сексеннің сенгіріне қасиетті шаһар — Меккеге аттанып, мұсылмандық парызын өтеп, қажы атанып қайтты. Бұл — өз алдына бөлек дастан!

Сегіз перзентті дүниеге алып келіп, сол ұрпағынан 30 шақты немере, 20-дан астам шөбере сүйіп, өркені өскен кейуанаға (*ақ жаулықты әжеге*) айналды. Жарық дүниеге келген шөпшегің де перзентханадан қолына алып, маңдайынан иіскеп «бисмилләһи» деп бесікке бөлеу бақытына ие болған аяулы жан. Өзі өркен жайдырған әулеттің, ағайын-

ЖАС ШЕШЕНДЕР ЖАРЫСЫ



Журналист Жарқын Сәленұлы жетекшілік ететін үйірменің үздік оқушылары жуырда мәдениет саласының үздігі, ақын, журналист Бақыт Жағыпарұлының «Сөйлеу шеберлігі» атты арнайы ашық сабағына қатысты. Ашық сабақ аясында аталған білім шаңырағының «Жыл шешені» - бірнеше республикалық байқаулың жүлдегері 10-сынып оқушысы Ұлдана Ізбасар мен «Ділмәр» шешендік өнер байқауының 1-орын иегері, 9-сынып оқушысы Думан Дәулетбек арасында болды. Шешендік сайыс «Біз Абайды тани алдық па?» тақырыбында өтті. Жарыс төрт кезеңнен тұрды. Алғашқы бөлімде екі шешен оқушы «Біз Абайды тани алдық па?» тақырыбына өз ойын ортаға салды. Екінші бөлімде екі қарсылас бір-біріне Абайдың зерттелуіне қатысты сұрақ қойды. Ал үшінші бөлімде көрермен тарапынан қойылған сауалға жауап берді. Төртінші бөлімде қатысушылар өз ойын қорытындылады. Ашық сабақ аясында белсенді оқушылар Бақыт Жағыпарұлының өлеңін оқып, автордан бағасын алды.

Сонымен екі қатысушы да өте зерек, тақырыпқа жан-жақты дайындалған, ойы тиянақты. Әсіресе, Ұлдана Ізбасардың Абай туралы ойы ойлантпай қоймайды. Ол: «Абай деген кім? Алдымен, оны тани білейік. Біз кеменге, дана Абайды тани алдық па? Таным деген бөлек әңгіме. Абайды оқу бір бөлек. Ал оншын айтқанын

әрбір адам, Абайдың қарасөзін, өлеңін, ғибратты сөзін жаттап ортаға салуда. Тек жаттап қана қоймай, өзінің рухани әлеміне қазына жинауда» деп жауап берді. Осындай тартысты ойды бағалап отырған, ашық сабақтың қоңағы Бақыт Жағыпарұлы екі қатысушыға өз бағасын беріп, ескертудің айтып, екеуіне тең деген баға берді. Ал автордың өлеңін жатқа оқыған оқушыларға, өлең құдіретін түсіндірді. Өлеңнің оқылуын, тәртібін, ережесін егжей-тегжей айтып берді. Қатысушылардың ішіндегі ділмәр Ұлдана туралы айтып кеткенді жөн көрдік. Озат оқушы Абайдың 100 өлеңі мен 35 қарасөзін жатқа соғады. Ұлданадан «Шешендік өнерге деген қызығушылығыңды не оятты?» деп сұрағанымызда, ол: «Кішкентайымнан кітапқа құмармын. Осы мектепке емтиханнан өтіп қабылданғаннан кейін шешендік өнер үйірмесі ашылды. Аталған үйірменің ұстазы Жарқын Сәленұлы менің шешендік өнерге деген ынтамды арттырды. Ақын-жырлаулар мен қазақ жазушыларының шығармаларымен сусындатты», деп жауап берді. Шешендік өнерге қызығушылығы артқан жас ұрпақтың өсіп келе жатқанына қуанып қайттық. Тәлімі мол осындай ашық сабақ оқушыларға рухани азық болары анық. Аталы сөздің қадірін білетін жас орендерге жолы ашық болсын дейміз!

Мақпал МАХАМЕТ

ЫЗАҢ СҰХБАТ

Жан дүниесі гүлдей нәзік болғанымен, анау-мынау ер жігіттің қолынан келмейтін шаруаны дөңгелетіп отырған қыз-келіншектер көп. Сондай арудың бірі – Мақпал Қожамсейтова. Ол қоғамдық көліктердің ішіндегі әрі ұзын, әрі көз келген жолмен жүре бермейтін, жүргізуге ыңғайсыздау троллейбус деген алып көлікті тізгіндейді. Халықаралық әйелдер мерекесі қарсаңында, Мақпалға арнайы барып, мамандығының қиын да қызықты сәттерін әңгімелеп беруін сұрадық.



Бірақ бәрібір де жүрегім троллейбус тізгіндеуді қалап тұрды. Шыны керек, менің жаным қалаған кәсіп – ол қоғамдық көлік жүргізу екен. Жүргізуші куәлігімді қайта алып, сүйікті жұмысыма қайта оралдым.

Жас qazaq: Қоғамдық көлік болғаннан кейін неше түрлі жолаушылар болады. Кейде адамдар орынсыз ұрысып, жүргізушінің жұмысына риза болмайтын сәттерде не істейсіз?

Мақпал: Троллейбус болғаннан кейін, бізге зейнет жасындағылар көп отырады. Оларды білесіз, үнемі ренжіп жүреді. Ең қиын адамдар – жол акысын

Мақпал мен троллейбус

Жас qazaq: Мақпал, қоғамдық көлікті жүргізуді бала кезден армандадыңыз ба? Әлде бұл кәсіпті таңдауыңызға нақты бір себеп болды ма?



Мақпал: Ең алғаш рет мен жұмысымды қоғамдық көлікте кондуктор болып бастадым. Бірақ трамвай жүргізетін қыз-келіншектерге қызығып жүрдім. Бір жағынан, рөлді тізгіндеуге қорқатынымын. Кейін 2010 жылы көлік жүргізуді арнайы оқып, жүргізуші куәлігін алдым. Ол кезде білесіздер, Алматыдағы жүйтікпен

көбінесе әйелдер тізгіндейтін. Мен оларға қатты қызығатынымын, үнемі жандарына тұрып алып қалай жүргізетіндерін бақылап жүретінмін. Достарыма трамвай жүргізгім келеді деген ойымды айтқанда,

трамвайларды көбінесе әйелдер тізгіндейтін. Мен оларға қатты қызығатынымын, үнемі жандарына тұрып алып қалай жүргізетіндерін бақылап жүретінмін. Достарыма трамвай жүргізгім келеді деген ойымды айтқанда, ешқайсысы аса мән бермеді. 2010 жылы трамвай тізгіндеуді үйренгім келіп, арнайы курсқа келдім. Сол кездегі оқыту курсының директоры «Трамвайдың болашағы жок. Одан да троллейбус жүргізуді оқы», – деп кенес берді. Ақыры келген екенмін. Мен барлығын үйренуім керек деген алдыма мақсат

қойдым. Үш айдан астам уақыт теориялық және тәжірибелік сабақ алып, троллейбус тізгіндеуді үйренуге бар күшімді салдым.

Жас qazaq: Ең алғаш рет троллейбус тізгіндеген сәтіңіз есіңізде ме?

Мақпал: Әрине, есімде. Ең алдымен, біз екі ай тәжірибеден өттік. Тек үшінші айдан бастап жеке жүргізе бастадық.

төлемей түсіп кететін жолаушылар.

Өйткені, кептеліс кезінде «Онай» бақылаушылары да үлгермей жатады. Жолда біреуді қағып немесе басқа көлікті соғып кетуден қорқамын. Жолда жүргеннен кейін ондай сәтсіздік көп болып тұрады. Сол кезде уайымдап кететінім бар. Ал ондай жағдайда әріптестерім қол ұшын беріп, сөзбен болса да демеп, көмегін аямайды. Әрине, адами фактор деген бар. Темір болған соң тозады. Бірақ ол жөнделеді ғой.

Жас qazaq: Жолда жүргеннен кейін неше түрлі оқиға болады. Мәселен, қалталы, үлдемен-бүлдеге оранып, қымбат көлік тізгіндеген әйелдер жолыңызды кес-кестеген кездер болды ма?

Мақпал: Ондай сәттер болды. Одан өттім деп ойлаймын. Троллейбусты менсінбей, жол бермей, тіпті ортан терегін *(саусағын)* көрсетіп кететіндер жиі кездесетін. Олармен талай ұрысқан кездерім болды. Қазір басқаша. Өйткені, қоғамдық көлік жүретін арнайы жолақ бар. Көшедегі қозғалыс бағыттары да ретке келтірілген. Қазір барлық қоғамдық көлікте арнайы бейнебақылау камерасы орнатылды.

Жас qazaq: Халықаралық әйелдер мерекесіне орай, нәзік жандарға не айтар едіңіз?

Мақпал: Аналарымыз бен қыз-келіншектерді, әкпе-сіңлілерімді әйелдер мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Барлық жақсылықты нәсіп етсін. Ал мен сияқты қоғамдық көлік тізгіндеген нәзік жандыларға әрқашан жасыл бағдаршам серік болсын деп тілеймін.

Сұхбаттасқан
Мақпал НОҒАЙБАЕВА



Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Шығыстың ғұлама ойшылы, математик, астролог, музыка теоретигі, Аристотельден кейінгі екінші ұстаз атанған Әбу Насыр Әл Фарабидің 1150 жылдық мерейтойының ресми ашылу рәсімі өтті.

Фараби тойы басталды



Атаулы шараға Мемлекеттік хатшысы Қырымбек Көшербаев, білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов, мәдениет және спорт министрі Ақтоты Райымқұлова, Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев, мемлекет және қоғам қайраткерлері, БҰҰ, ЮНЕСКО, ИЫҰ, ТҮРКСОЙ және басқа да халықаралық ұйымдардың, еліміздегі дипломатиялық миссиялар өкілдері. Сонымен қатар жоғары оқу орындарының ректорлары, ғылыми-зерттеу институттары мен орталықтарының жетекшілері, шетелдік және отандық ғалымдар, фарабитанушылар, университеттің құрметті қонақтары қатысты. Мерекелік шара «Әл Фараби орталығының» салтанатты тұсаукесері мен әдебиет және мәдениет саласының қайраткерлеріне Елбасының мемлекеттік стипендиясын тапсырудан басталып, университеттің бас алаңындағы Әл Фараби ескерткішіне гүл шоқтарын қоюмен ұласты.

Әл Фарабидің 1150 жылдығын мерекелеу арқылы шетелде және біздің елде ұлы ғұлама мұраларын зерттеп, олардың қазіргі өркениеттің дамуындағы ықпалын айқындау маңызды мәселе. Сонымен қатар Шығыстың ұлы ойшылының мерейтойы ЮНЕСКО-ның атаулы күндер мен оқиғалар күнтізбесіне енді және ИСЕСКО, ИЫҰ, ТҮРКСОЙ және басқа да ұйымдардың қолдауымен халықаралық мәдени алаңда кенінен аталып өтетін болады.

«Ұлы философ-ғалым Әбу Насыр Әл Фарабидің туғанына 1150 жыл толу мерейтойының әлемде оның есімімен аталатын бірден-бір университеттен басталғандығы – біздер үшін зор қуаныш, үлкен мәртебе. Университет өз қызметінде танымдық мәселелерге назар аударып, адамның мүмкіндіктерін ашу мен қабілеттерін дамытуға ұмтылады.

Университет ректоры Ғалымқайыр Мұтановтың бастамасымен Біріккен Ұлттар Ұйымының тұрақты даму жөніндегі жаһандық хабы ретінде ҚазҰУ ғұламаның қайырымды қоғам туралы ілімінің негізінде университет – 4.0 жаңа легінің моделін дайындап, өткен жылы БҰҰ-ның Нью-Йорктегі штаб-пәтерінде, ал биыл Ислам ынтымақтастығы ұйымында жұртшылық назарына ұсынды. Жаңа жоба халықаралық ауқымда қолдау табуда. Осылайша, Әл Фарабидің мерейтойы еліміздегі жоғары білімнің дамуына жаңа серпін береді.

Гайһар ҚАЙРАНБАЕВА,
Гайһар ӘУБӘКІРОВА,

география, жерге орналастыру және кадастр кафедрасының оқытушылары

ҚАЗАҚ ҚЫЗЫ

*Сегізі ертең
наурыздың!*

*Іліп-ақ түсер лашығы едім
Жау-құздың,
Назарды қалай назыма,
Қалқам, ауғыздың?
Шкімде ерін барады жамағыз
Бағдай сөз:
- Мерекенізбен!!!
(Сегізі ертең, наурыздың!)*

Маралтай Райымбековты

Фото: Галия ҚАЛИЕВА

БАСПАСӨЗ – 2020

JAS QAZAQ газетін оқи жүріңіздер!

Жазылу еліміздің кез келген «Қазпошта» бөлімшелері арқылы жүргізіледі

Жазылу индексі 65032

Жазылу мерзімі	Қала	Ауыл
1 айға	279,24	297,86
3 айға	837,72	893,58
6 айға	1675,44	1787,16
12 айға	3350,88	3574,32

Бас редактор — директор Срайыл СМАЙЫЛ Редакция алкасы: Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы Ғалия ҚАЛИЕВА компьютер орталығының жетекшісі Тілшілер мен қызметкерлер: Мақпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші Әбдіманап КЕНЕС — жасар және ғылым Кәмшат ТӨЛЕШОВА — теріміш Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — web-sait	Аймақтағы меншікті тілшілер: Байкен КӨБЕЕВ— Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34) Кажет АНДАС — Алматы облысы (8 747 706 13 82) Баян ЖАНҰЗАКОВА — Атырау облысы (8 702 426 69 05) Ерман ӘБДИЕВ — Жамбыл облысы (8 705 256 50 05) Ернұр КЕНЖЕБАЙ — шолушы Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30) Кезекші редактор Мақпал НОҒАЙБАЕВА	Шығарушы: «Аманат Медиа» ЖШС Директордың орынбасары Мейрамбек ҚҰЛМҰХАМЕДОВ Бас есепші Расима ӘКІМБЕКОВА	Редакцияның мекенжайы: 050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кеңсе, 3-қабат <i>(Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы)</i> Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25 Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі) Газет «Дәуір» ЖШС РПМК (Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй) тел: (727) 273-12-04, 273-12-54 Тапсырыс — №2200; Бағасы келісім бойынша Айлық таралымы — 23 000 дана <i>Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «Air Astana», «Turkish Airlines», «QazaqAir» әуежолдарының ұшақтарында бар.</i> Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген. 2020 жылдың 19 ақпанында ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, № KZ23VRY00020470 куәлігін алды. Мақала авторының пікірі редакция қозғарысын білдірмейді. Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты. Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
--	---	---	--